

Гүлдана БАЗАРБАЕВА, жеке сот орындаушы:



«ӘР ҚҰЖАТТЫҢ
АРТЫНДА
АНАНЫҢ
НАЛАСЫ МЕН
БАЛАНЫҢ
КӨЗ ЖАСЫ БАР»

3-бет

Айбек БАРЫСОВ,
Экономикалық ұлтшылдық
қозғалысының жетекшісі:



«ПАЛАТАНЫҢ
ЖАСЫРЫН САЛЫҒЫ
КОНСТИТУЦИЯҒА
САЙ ЕМЕС»

5-бет



ҚАРА
АҒАШ
ТҮБІНДЕГІ
ОҚИҒА

8-бет

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

БІЛІМ САЛАСЫН КЕЗДЕЙСОҚ ҰСТАЗДАРДАН АРЫЛТУ КЕРЕК



Ұстаздың білікті болуы – қоғамның ілгері басуындағы ең маңызды катализатор. Азат ойлы, білікті, білімді, құқы қорғалған мұғалімдер қосынын қалыптастыру – парыз. Ұстаздардың құқын қорғау мәселесін жиі көтердік, бұл бағытта біраз тірлік атқарылды да. Ұстаздардың мәртебесін қалыптастырудың бірі – білікті де білімді ұстаздар қосынының қалыптасуы. Сатып алынған дипломдар мен мектепке кездейсоқ келген «ұстаздардан» арылу өте маңызды.

(Соңы 3-бетте)

ЛЕБІЗ

ҚАСИЕТТІ МЕКЕНДІ САҒЫНЫШПЕН ЕСКЕ АЛАМЫН



КИЕЛІ МАҒЫСТАУ ЖЕРІНДЕ ӘДІЛДІКТІҢ ЖАРШЫСЫ БОЛҒАН ОБЛЫСТЫҚ СОТТЫҢ ҚҰРЫЛҒАНЫНА 50 ЖЫЛ ТОЛЫП ОТЫР.

Осы айтулы күнде әріптестерімді және сот қызметкерлерін өз атымнан және Қостанай облыстық соты қауымдастығының атынан шын жүректен құттықтаймын.

Мен, Маңғыстау облыстық сотына 2002 жылы азаматтық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы болып тағайындалдым. Бес жыл осы өңірде жемісті еңбек еттім, көп нәрсеге зер салып, көңілге тоқыдым. Ынтымақты ұжымда үлкен тәжірибе жинадым. Мен әрқашанда қасиетті мекенді сағынышпен еске аламын.

Еліміздің сот жүйесінің қалыптасуына елеулі үлес қосқан бірегей заңгерлер шыққан жарты ғасырлық тарихы бар ұжым алдағы уақытта да сот реформасының шыңдалуына аянбай еңбек ететініне сенімдімін.

Маңғыстау облыстық сотының 50 жылдығымен тағы да құттықтай келе, абыройлы қызмет, әр игі бастамаларыңызға береке тілеймін.

Құрметпен,
Вячеслав САЛИЙ,
Қостанай облыстық
сотының төрағасы

АЙМАҚ

БЕС ЕЛДІ МЕКЕНГЕ КӨГІЛДІР ОТЫН БЕРІЛДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ ұдайы назар аударып отырған басым бағыттардың бірі – ел тұрғындарын көгілдір отынмен қамтамасыз ету мәселесі. Халық игілігіне айналатын бұл маңызды жоба Түркістан облысы бойынша жоспарлы түрде жүзеге асырылуда. Мемлекет басшысының тапсырмасы аясында «Қуатты өңірлер – елді дамытудың драйвері» ұлттық жобасын іске асыру мақсатында көптеген жұмыстар жүргізілуде. Осы жоба аясында атқарылған істер Түркістан облысының дамуына айтарлықтай үлес қосып келеді.

Бағдарлама аясында облыс аумағындағы жолдар жөнделіп, жылу құбырлары жаңартылып, шағын және орта кәсіпкерлік субъек-

тілердің, тұрғын үй құрылысының қарқыны артты. Көгілдір отынның қазандығы салынған Сайрам ауданының алты елді мекеніне газ



берілді. Аудандағы 16 елдімекеннің бесеуі табиғи газбен қамтылып, аудан тұрғындары көгілдір отынның қолданысқа берілгеніне қуануда. Қайнарбұлақ ауылдық округі Қасымбек датқа елді мекеніне аудан әкімі Ұласбек Сәдібекұлы арнайы барып, газ құбырын іске қосу шарасына қатысты. Қазіргі таңда елімізде үйлерге «газ» кіргізу үшін техникалық шарттарды алу процесі әлде қайда жеңілдетілген. Құжаттардың жеңілдеуінен болар соңғы жылдары үйін таза көгілдір отынмен жылытқысы келген тұрғындардың қатары да көбейіп келеді.

– Мен көпбалалы ананың бірімін. Бала-

ларым кішкентай. Әрине, отын түсіріп, от жағудың өзі оңай емес. Әсіресе, қыс мезгілінде көмір тапшы болып, көмір түсіре алмай, суық үйде отырған кездеріміз де болды. Аудан әкімі газдың берілгенін қадағалап, әрбір үйге кіріп тексеріп шықты. Алғысымыз шексіз, – деді Қасымбек датқа елді мекенінің тұрғыны Айсәуле.

Көптен күткен игілікке қол жеткізетініне риза болған көпбалалы ана көмір жағып күнелтудің күйбеңі көп екенін де жасырмады.

Олар үйін жылыту үшін қыс бойы 12 тоннадай көмір жағады екен. Былтырғы қыста көмірдің әр тоннасын 25 мың теңгеден сатып алған. Ал енді оған ай сайын газ баллонын толтыруға кететін мың алты жүз теңгені қосыңыз. Әрине, бұл шығынды біреудің қалтасы көтерсе, енді бірінің қалтасы көтермейтіні анық.

Енді алдағы уақытта Қасымбек датқа, Әсіларқы, Ошақты, Оразалиев, Теспе ауылдарының тұрғындарына көгілдір отын беріледі. Аудан әкімдігі мен «Интергаз Орталық Азия» АҚ Шымкент филиалы арасында газ жүйелеріне техникалық қызмет көрсету үшін келісімшарт түзілді.

(Соңы 3-бетте)

САНДЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ДАМУДЫҢ ПАЙДАСЫ ЗОР

Ақмола облыстық сотында қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы Раджаб Даминов қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша электрондық сот ісін жүргізу мәселелерін талқылау мақсатында дөңгелек үстел өткізді.



Іс-шараға облыстың жергілікті соттарының төрағалары, прокуратура, ЭТД, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет, ҰҚК мен полиция департаментінің өкілдері қатысты.

Онда ҚІЖМАС төрағасы Торқалы Бектұрсынов электрондық форматта қылмыстық істерді тіркеу мен қарау кезіндегі күрделі мәселелерге тоқталды, Көкшетау қаласы мамандандырылған тергеу сотының төрағасы Илияс Кәкім электрондық материалдар келіп түскен кезде туындайтын мәселелер бойынша пікір білдірді. Көкшетау қалалық сотының төрағасы Қазбек Дегенбаев электрондық форматтағы қылмыстық сот ісін жүргізудегі қиындықтарды атап өтті. Облыс прокуратурасының мемлекеттік айыптауды қолдау және апелляциялық сатыға қатысу жөніндегі басқарма бастығы Марат Сұлтанов электрондық форматта қылмыстық істерді қарау кезіндегі мәселелерге тоқталды.

ӘҚБСТК-нің 200-бабы бойынша әкімшілік іс жүргізуді қозғау тәжірибесі туралы Полиция департаментінің ЖПҚБ бастығының орынбасары Ерболат Хұсайынов әңгіме өрбітті. ӘІБТ ақпараттық жүйесі арқылы сот органдарына әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді жолдау кезінде туындайтын мәселелерді қарау жөнінде ПД ӘПБ әкімшілік полиция бөлімінің бастығы Арман Нұрсейітов баяндама жасады. Сонымен бірге,

дөңгелек үстелде «ӘІБТ» ақпараттық жүйесі арқылы электрондық жолдау пилоттық жобасы бойынша әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотының төрағасы Дәурен Ламашәріповтың, электрондық форматта қылмыстық істерді жүргізудің сапасы туралы ҚСЖАЕКБ қылмыстық салада құқықтық ақпаратты қалыптастыру бөлімінің бастығы Виктор Красноусовтың баяндамалары тыңдалды.

Алқа төрағасы Р.Даминов атап өткендей, «Электрондық қылмыстық іс» жобасы елде сандық технологияларды дамыту бойынша Мемлекет басшысының жолдауын іске асыру шеңберінде енгізілген. Электрондық сот ісін жүргізу тергеп-тексерудегі әуре-сарсаңға салудан арылуға мүмкіндік беріп, мерзімдерді қысқартады, санкциялау онлайн режимде жүргізілетін болады. Сандық формат шешімдерді қабылдауды жеделдетіп, процеске қатысушылардың құқықтарын қорғауды жақсартып, сыбайлас жемқорлықты азайтады».

Іс-шара соңында барлық баяндамалар талқыланып, қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша электрондық сот ісін жүргізуді одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар сарапқа салынды.

Ақмола облыстық сотының баспасөз қызметі

Әкімшілік құқық бұзушылық үшін жаза кодекстің Ерекше бөлімінің бабында көзделген шекте, кодекстің ережелеріне дәл сәйкестікте қолданылады. Заңмен белгіленген мақсатқа жету үшін уәкілетті органдар кодексте белгіленген тәртіпті сақтай отырып, әкімшілік жазаларды қолдануы қажет. Әкімшілік жазаны қолдану, сонымен бірге әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңдар ұстанымдарының маңыздылығына сай келуі қажет.

ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ ҮШІН ТАҒАЙЫНДАЛАТЫН ЖАЗА ҚАНДАЙ?

Заңдылық ұстанымы (9-бап).

Әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін қолданылатын ықпал ету шаралары тек заңда белгіленген және заңда белгіленген негіздер мен тәртіптен басқа жағдайларда, ешкімнің де әкімшілік жазаға ұшыратуға қақысы жоқ. Ізгілік ұстанымы (15-бап). Құқық бұзушылық жасаған адамға әкімшілік жаза қолданғанда адам жанын күйзелтуді немесе адамның қадір-қасиетін қорлауды жазалау мақсаты етіп қоюға болмайды.

Жеке басқа қол сұқпаушылық (16-бап). Өзіне қатысты әкімшілік жаза шарасы ретінде қамауға алу тағайындалған адамды ұстау оның өмірі мен денсаулығына қатер төндірмейтін жағдайда жүзеге асырылуға тиіс. Сонымен бірге, әкімшілік жаза әкімшілік құқық бұзушылық жасаған адамға тән азабын тарттыруды немесе оның адамгершілік қадір-қасиетін қорлауды, сондай-ақ, заңды тұлғаның іскерлік беделіне зиян тигізуді мақсат тұтпайды. Әкімшілік жаза әділ, құқық бұзушылықтың сипатына, оның жасалу мән-жайларына, құқық бұзушының басына сай келетін болуға тиіс.

Жеке тұлғаға әкімшілік жаза қолдану. Жасалған әкімшілік құқық бұзушылықтың сипаты, кінәлінің жеке басы, соның ішінде оның құқық бұзушылық жасағанға дейінгі және одан кейінгі мінез-құлқы, мүлкілік жағдайы, жауаптылықты жеңілдететін және ауырлататын мән-жайлар ескеріледі.

Заңды тұлғаға әкімшілік жаза қолданған кезде әкімшілік құқық бұзушылықтың сипаты, мүлкілік жағдайы, жауаптылықты жеңілдететін және ауырлататын мән-жайлар ескеріледі. Әкімшілік жаза қолдану тұлғаны жазада қолданылған міндеттерді атқарудан, жол берілген бұзушылықты жоюдан және зиянды өтеуден босатпайды.

Бір әкімшілік құқық бұзушылық үшін бір негізгі немесе негізгі және қосымша әкімшілік жаза қолданылуы мүмкін. Мыналар әкімшілік құқық



Ғабит ТУЛЕГЕНОВ, Павлодар қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотының судьясы

бұзушылық үшін жауаптылықты жеңілдететін мән-жайлар болып танылады:

- кінәлі адамның өкінуі;
- кінәлі адамның құқық бұзушылықтың зиянды зардаптарын болдырмауы, залалды өз еркімен өтеуі немесе келтірілген зиянды жоюы;
- әкімшілік құқық бұзушылықты күшті жан толқынысының әсерімен не жеке басының немесе отбасының ауыр жағдайы салдарынан жасау;
- әкімшілік құқық бұзушылықты кәмететке толмаған адамның жасауы;
- әкімшілік құқық бұзушылықты жүкті әйелдің немесе үш жасқа дейінгі баласы бар әйелдің жасауы;
- әкімшілік құқық бұзушылықты күш қолдану немесе психикалық мәжбүрлеу нәтижесінде жасау;
- әкімшілік құқық бұзушылықты қажетті қорғанудың заңдылығы шарттарын бұзу, құқыққа қарсы қол-

сұғушылық жасаған адамды ұстау, бұйрықты немесе өкімді орындау кезінде жасау.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарайтын судья, орган (лауазымды тұлға) басқа аталмаған мән-жайларды да жеңілдететін мән-жайлар деп тануы мүмкін. Әкімшілік жаза қолданатын судья,

орган (лауазымды тұлға) әкімшілік құқық бұзушылықтың сипатына қарай оны жауаптылықты ауырлататын мән-жай деп танымауы мүмкін.

Бір адам екі немесе одан да көп әкімшілік құқық бұзушылық жасаған кезде әрбір құқық бұзушылық үшін жеке-жеке әкімшілік жаза қолданылады. Егер адам бірнеше әкімшілік құқық бұзушылық жасап, ол істерді бір судья, орган (лауазымды тұлға) қараса, бұл адамға белгілі бір түрдегі жазалар қолданылған жағдайда, жазаның түпкілікті мөлшерін жазаның осы түрі үшін кодексте белгіленген үш еселенген ең жоғарғы шегінен асыруға болмайды. Әкімшілік қамауға алудың ең ұзақ мерзімі мұндай жағдайларда – отыз тәуліктен, ал төтенше жағдай режимінің талаптарын бұзғаны үшін қолданылатын әкімшілік қамауға алу қырық бес тәуліктен аспауға тиіс.

Егер әкімшілік құқық бұзушылық жасау нәтижесінде азаматқа немесе ұйымға мүлкітік залал келтірілсе, судья әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарай келіп, дау болмаған жағдайда жаза қолдану туралы мәселені шешу кезінде бір мезгілде мүлкітік залалды өтеу туралы мәселені шешуге құқылы.

Өзге уәкілетті органдар (лауазымды тұлғалар) қарайтын әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша мүлкітік залалды өтеу азаматтың сот ісін жүргізу тәртібімен шешіледі. Әкімшілік қамауға алу мерзімі тәуліктермен, ал жеке тұлғаға немесе заңды тұлғаға берілген арнаулы құқықтан айыру, сондай-ақ, лицензиядан (арнаулы рұқсаттан, біліктілік аттестатынан, куәліктен) айыру немесе оның қолданылуын қызметтің белгілі бір түріне не белгілі бір іс-әрекеттерді жасауға тоқтата тұру мерзімі – жылдармен, айлармен немесе күнтізбелік күндермен есептеледі. Әкімшілік құқық бұзушылық үшін әкімшілік жаза қолданылған адам әкімшілік жаза қолдану туралы қаулының орындалуы аяқталған күннен бастап бір жылдың ішінде осы жазаға ұшырады деп есептеледі.

ДӘСТҮРЛІ ҚАЗАҚ ОТБАСЫНДА АЖЫРАСУ БОЛМАҒАН

Некеде ажырасу үрдісіне түрлі тарихи оқиғалармен қатар әлеуметтік жағдай әсер етіп отырғаны анық. Бұрынғы кезде жастар ауыл ақсақалдарының сөзін жерге тастамаған. Азулы ақсақалдар бұзығын тыйып, ақылын айтып, отбасындағы жөнсіз ұрыс-керісті болдырмай, бәрін реттеп отырған. Сол себепті ажырасу деген мүлдем болмаған.

Осыдан 10-20 жыл бұрынғы кезеңмен салыстырғанда әйел құқығы, бостандығы мәселесі әлдеқайда нығайған. Бұрын отбасы үшін, бала-шағасы үшін шыдап, қиналса да жарынан айырылмайтын әйел бұл заманда өзі үшін де өмір сүруге болатынын түсінді. Әйел ғана емес, ер адамдарда да, жалпы қоғамда эгоцентристік (менмендік) көзқарастың басым болып бара жатқанын байқауға болады.

Бұрын үлкендердің шешіміне қарсы тұрмаған. Ажырасуда тек белгілі бір себептер ғана ескерілген. Әйел адам өз бетімен билерге жүгінбеген. Ал ажырасқан күннің өзінде бала әкесінде қалған. Бұрын екі-үш әйелді әулетін көбейту үшін алған. Қазір заң жүзінде рұқсат бермегенмен, жасырын жүрістен туылған заңсыз балалардың көбеюі ұлттың болашағына қауіп төндірді. Өйткені, олар ата тегін білмейді. Содан келіп ғасырлар бойы қалыптасқан қан тазалығы бұзылады.

Асқар ЗИАДА, Қорғалжын аудандық сотының судьясы АҚМОЛА ОБЛЫСЫ

Адамның жауаптылығын жаза арқылы көтеру мүмкін емес. Жауаптылық әрбір азаматтың санасында болуы керек. Мысалы көлік рөліне мас күйінде, психотропты заттарды қолданып немесе есірткі шегіп отырудың зиян екені кімге болсын белгілі. Өйткені, мас жүргізуші өзінің өміріне ғана қауіп төндіріп қоймайды, сонымен бірге айналасының да қауіпсіздігіне нұқсан келтіреді.

Мас адам өзіне есеп бермейді. Соның кесірінен жыл сайын елімізде жол көлік апаттары көбейіп, жарым-жан болып қалғандар мен көз жұмғандар саны еселеп артауда. Әсіресе, зардап шеккендер қатарында балалардың болатыны өкінішті.

Егер жол апаты көліктің техникалық ақауының салдарынан, сапасыз жолдың кесірінен орын алса жүргізуші қателігіне түсініктікпен қарауға болады. Ал жол апатын мас күйінде жасағандарға ешқандай кешірім болмауы тиіс. Өйткені, ол бұл апатты айналасына немқұрайды қарағандықтан жасап отыр.

Қоғамда қалыптасқан осындай кереғарлыққа орай Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев «Заңға

ЖҮРГІЗУШІ ЖАУАПТЫЛЫҒЫН КӨТЕРУ КЕЗЕК КҮТТІРМЕЙДІ

өзгертулер енгізуді тапсырдым: алкогольді ішімдіктердің кез келген түрін ішкен күйінде көлік жүргізгені үшін, сондай-ақ, мал ұрлығы үшін берілетін жазаны қатаңдату қажет» дегені есімізде. Президент тапсырмасынан кейін кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық, қылмыстық-процестік заңнаманы жетілдіру және жеке адам құқықтарының қорғалуын күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заң күшіне енген болатын.

Алайда, заңнамадағы жазаның қатаңдығы жауапсыз жүргізушілерге сабақ болмай отыр. Оны көлікті мас күйінде жүргізгені үшін жазасын алған жүргізушінің бір жыл өтпей қатесін қайталауынан анық аңғаруға болады. Айталық, соңғы өзгерістерге орай бірінші рет көлікті алкогольдік, есірткілік, психотроптық масаң күйде тізгіндегендер Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 608-бабына сәйкес, он бес тәулікке әкімшілік қамаққа алынып, жеті жыл мерзімге көлік құралын басқару құқығынан айырылады.

Жеті жыл көліксіз жүру деген шын мәнінде өз ісінді сараптауға, қателігіңнен сабақ алуға, жазаның салмағын сезінуге жететін уақыт. Бірақ, 15 тәулікке қамалып, жүргізуші куәлігінен айырылған кейбір жүргізушілердің құқықбұзушылықты бір жыл ішінде қайталап жасайтынын көріп жүрміз. Бұл оған қателіктің мүлде әсер етпегенін, қоғамды сыйламайтынын, заңның пәрменін сезінбейтінін көрсетеді. Мұндай жандарға Қылмыстық кодекстің 346-бабына сәйкес жаза тағайындалады.

Яғни, көлік құралдарын басқару құқығынан айырылған және бір жыл ішінде алкогольдік, есірткілік және ытқымарлық масаң күйде тағы рөлге отырғаны анықталған адам белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айырылады. Сонымен бірге, мұндай құқықбұзушыларға 5000 АЕК мөлшерінде айыппұл салу не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына тарту, не 1200 сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тарту,

не бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеу, не сол мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы қолданылады.

Ал егер мас жүргізуші жол апатын тудырса, айналасына материалдық залал келтірсе жазасы бұдан қатаңдай түседі. Жол апатының салдарынан адамдардың денсаулығына зиян келетін болса, мас жүргізушіге берілетін жаза тіпті қатаң. Дегенмен, заңдағы бұл өзгерістерді әлі де болса көпшілікке жеткізу, халықтың құқықтық сауатын көтеру кезек күттірмейді. Сонымен бірге, азаматтардың жауаптылығын оятатын дәрістерді, мас жүргізушілер әрекетін жария түрде талдап, мұндай жандарға қатысты сот отырыстарын халыққа ашық көрсетудің де маңызы зор. Бір жауапсыз жүргізушінің теріс әрекетін көрсету арқылы талай адамның санасына қозғалыс саларымыз анық.

Н.БАТЫРХАН, Жетісу аудандық №2 сотының судьясы АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ



АЙМАҚ

БІЛІМ САЛАСЫН КЕЗДЕЙСОҚ ҰСТАЗДАРДАН АРЫЛТУ КЕРЕК

(Соңы. Басы 1-бетте)

2020 жылғы күздегі біліктілік тестілеуінде мұғалімдердің тек 42% өзінің біліктілігін дәлелдеді. Өзім жұмыс беруші ретінде үнемі мұғалім қабылдайтындықтан, бұл көрсеткіш маған түсінікті еді. Себебі, біз біліксіз қоғамға айналып бара жатырмыз.

Дәл осы цифрларды көріп, мұғалімдер ортасында жүргесін, министрмен кездескенде де, соңғы онлайн кездесуде де мұғалім біліктілігін арттыру, кездейсоқ мұғалімдерден арылу ұсынысын жасағанбыз. Адам өзі беске білмеген дүниені өзгеге ешқашан беске үйрете алмайды!

Ұлттық тестілеу орталығы басшысымен кездескен сайын мұғалімдердің біліктілік тестілеуі мен оқушылардың Ұлттық бірыңғай тестін таза өткізу тұрасында сағаттап талқы жасап жүрміз. Бұл тұрғыда ұсыныстарыма қолдау танытып жатқан министр мен ҰТО басшысына алғыс.

Дәл кейбір нәрсеге көз жеткізу мақсатында осы жолғы мұғалімдердің біліктілік тестілеуінде тәуелсіз бақылаушы ретінде жұмыс атқарып жүрмін.

Мәселен, Ұлттық біліктілік тестілеуге қатысуға 22 937 адам өтініш беріп, тестілеуге 17 727 мұғалім қатысқан.

Олардың ішінде өз біліктілігін растаған қатысушылар:

Педагог-модератор 3 195;
Педагог-сарапшы 3 338;
Педагог-зерттеуші 2999;
Педагог-мастер 221.
Яғни, қазірге дейінгі жалпы қаты-

сушылардың 55%-ы. Бұл керемет көрсеткіш емес. Ең өкініштісі – біліктілік тестінің 110 балынан 40 балға да жете алмаған әріптестердің болуы. Сондай-ақ, шпор қолданушылардың көптігі мен өзінің орнына басқа адам кіргізген жандардың болуы. Бұл ұстаздық этикаға да, әдепке де жат дүние.

Осы сынақта тыйым салынған заттарды қолданғаны және бекітілген ережелерді сақтамағаны үшін (құқық бұзушылық актісіне сәйкес) 238 адамның нәтижесінің күші жойылған. Шпаргалка, тыйым салынған заттарды пайдалану (телефондар, анықтамалықтар) секілділерден тыс, 18 адам өз орнына басқа адамды кіргізген. Бұл бойынша актілер жасалып, құқық қорғау органдарына тиісті өтініш жіберілді.

Біреуге тәртіп сақта деу үшін өзін тәртіпке бағынуың, біреуге сапалы білім беру үшін өзін білімді болуың керек. Бауыржан Момышұлының сөзімен айтсақ: «Тәртіпке бағынған құл болмайды, тәртіпсіз жұрт ел болмайды». Білім саласына біраз жақсы өзгеріс жасалып жатыр, өзгеріс нәтижелі болуы үшін де бүкіл жұмыс заңдық тәртіпте жүруі керек.

Бүгінде педагогикалық мамандыққа түсушілердің шектік балы 70 балға көтерілді. Шәкіртақысы өзгелерден ерекшеленіп, ол да көтерілді. Бұл білім саласына білікті жастардың келуіне пайдасын тигізеді. Мұғалімдердің біліктілік тестілеуін дұрыс өткізіп, білікті мамандардың жалақысын көтеру де сол кешенді шараның бірі.

ҰБТ-ны да таза өткізу мақсатында

біраз жұмыстар жасалып жатыр. Мұның бәрін қолдап, кемшіліктерді дер кезінде айтып, білім саласын тәртіпке келтіруді бірге қолға алуымыз керек.

Менің осы жазғандарым біраз әріптесімнің шамына тиері анық. Бірақ, тәртіпсіздікті ақтап алуға тырысу, заңсыздықты ақтап алуға тырысу, біліксіздікті ақтап алуға тырысу, қылмысты ақтап алуға тырысу, ілгері басатын қоғамның тірлігі емес! Бірақ, өзіміз тазармай, бізді қоғам төріне шығармайды. Беделімізді көтеріп, бетімізді жарық етпейді. Дәл бұл біліктілік тестіне түсінбестік танытуға болмайды.

Біріншіден, мұғалімдерден біліктілік тестін өткізу біздің елдегі ғана жағдай емес, дамыған елдерде бұрыннан бар тәжірибе. Біздің елде Білім-Инновация лицейлері бұрыннан өткізетін іс. Екіншіден, білікті адам тест тапсырудан қашпайды, саспайды. Өзім қай күні тапсыруға да, қандай тестке де дайынмын. Үшіншіден, Ұлттық біліктілік тестілеуге қарсы шығу – «білім саласында біліксіздік жайлай берсін» деген жан ашымастық.

Ал, біліктілік тестілеу сапасы туралы әңгіме бөлек. Оған жанашыр ретінде бәріміз үн қосуымыз керек. Біліктілік тестінің деңгейін арттыруға ұсыныс білдіруіміз керек.

Ұрпақ алдында ұстаздық жолда жүргендер заңды сақтап, ізденісті ешқашан жоғалтпай, өзін дамытқаны жөн. Ал, менікі кешегі ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының:

«Тән көмілер, көмілмес еткен ісім,
Ойлайтындай мен емес бір күнгісім.
Жұрт ұқпаса, ұқпасын, жабықпаймын,
Ел бүгіншіл, менікі ертеңгі үшін», – деген жанайқай.

Аятжан АХМЕТЖАН,
ұстаз



БЕС ЕЛДІ МЕКЕНГЕ КӨГІЛДІР ОТЫН БЕРІЛДІ

(Соңы. Басы 1-бетте)

«Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» жалпыұлттық жобасын жүзеге асырудың азаматтар үшін ең айқын әсері өмір сүру жайлылығының артуы болмақ. Осы жоба аясында, Сайрам ауданы 2025 жылға дейін 100 пайыз табиғи газбен қамтылады.

Түркістан облысы Сайрам ауданындағы 42 елді мекеннің біразы табиғи газбен қамтылған. Бүгін тағы бес елді мекенге көгілдір отын берілді. Енді Қасымбек датқа, Әсіларық, Ошақты, Оразалиев, Теспе ауылдарының тұрғындары газды пайдалануға мүмкіндік алды.

Аудан әкімдігі мен «Интергаз Орталық Азия» АҚ Шымкент филиалы арасында 7,9 млн теңгеге газ жүйелеріне техникалық қызмет көрсету үшін келісімшарт түзілді. Жыл соңында елдімекендерді табиғи газбен қамту көрсеткішін 74%-ға жеткізу көзделуде. Жоспар бойынша 2025 жылға дейін бұл көрсеткіш 100%-ға жетеді.

Сондай-ақ, аудандағы 10-ға жуық елді мекенді газдандыруға облыстық бюджеттен 1,1 млрд теңге бөлініп, құрылыс жұмыстары басталды. Құтарыс, Қызылжар, Таскешу, Ақсуабад, Тоған, Оймауыт пен Ақарыс, Сарыарық, Көлкент ауылдарына газ құбырын тарту жұмыстары жоспарланған.

Раушан НАРБЕК
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ



ҚЫЗМЕТ

Сот шешімі орындалуымен құнды. Бұл кез келген мемлекеттегі заңның үстемдігі, азаматтар мен заңды тұлғалар құқының сақталу деңгейінің көрсеткіші. Халықтың әділеттілікке, елдің баянды болашағына сенімінің тұғыры. Сондықтан сот шешімдерінің дер кезінде сапалы орындалуы өте маңызды. Бұл сот орындаушылардың біліктілігі, қызметтік парызы мен міндетінің жауапкершілігін ұғыну деңгейіне байланысты.

Бүгін біз Ақтөбе облысындағы жеке сот орындаушылардан құрылған алимент өндіру ісімен айналысатын арнайы бөлім жайлы айтпақпыз. Айта кету керек мұндай арнайы бөлімдер ел көлемінде Алматы, Астана, Шымкент, Қарағанды, Ұлытау, Батыс Қазақстан, Атырау және Қызылорда облыстарында бар. Алименттік кеңселердің ерекшелігі – олар тек алименттік іспен айналысады. Бүгінде осы арнайы бөлімдер жұмысы бойынша Ақтөбе озық тұр. Онда борышкерлерден балалардың пайдасына былтыр және биылғы жылдың өткен үш айы ішінде 77 826 966 теңге өндіріліпті. Бұл көрсеткішті осылай жаза салу оңай болғанымен, оның артында қаншама жүйкеге салмақ салатын табанды еңбек тұрғанын біріміз сезінгенмен, біріміз түсіне бермеуіміз мүмкін. Шын мәнінде алимент ісі бойынша әрбір орындалған шешім сот орындаушының маңдай тері мен мұқалмас ерік-жігерінің өтемі. Өйткені, сот шешімдері, оның ішінде алимент бойынша істерді жүзеге асыруда көп жағдайда мәжбүрлеу шаралары қолданылатынын білеміз. Сондықтан бұл жұмыста жүйкеңе салмақ түсудің сыртында өміріңе қауіп төнетін сәттер де аз болмайды. Демек нәзік болмыстарына қарамастан тәуекелге бел буып, осындай жауапты да қатерлі жұмысты өз мойындарына алып, атқарып жатқан ақтөбелік сот орындаушы қыздардың батылдығы, табандылығы қай жағынан болса да мақтауға лайық.

Біз бүгін солардың бірі Гүлдана Базарбаева жайлы кеңірек әңгімелемекпіз. Өйткені, ол тек соңғы екі жылдың ішінде борышкерлерден 40 млн теңге көлемінде алимент өндіріпті. Оның 11 млн теңгесі биылғы жылдың өткен үш айының еншісіне тиесілі.

Осы қызметте үнемі ізденісте жүріп, ең бастысы әр істің артындағы адам тағдырын, ел мүддесін жан жүрегімен пайымдай білген жас қызға сот орындаушылық қызметтің барлық

Гүлдана БАЗАРБАЕВА, жеке сот орындаушы:

«ӘР ҚҰЖАТТЫҢ АРТЫНДА АНАНЫҢ НАЛАСЫ МЕН БАЛАНЫҢ КӨЗ ЖАСЫ БАР»



сыры, құпиясы ашыла берді. Әділет департаментінде ол мүлік даулау, алимент өндіру ісі бойынша үлкен мектептен өтті. Хромтау қаласы мен Алға ауданында жұмыс істеген кездері де өз кезегінде үлкен тәжірибе алаңы болды. Сот орындаушылық қызметтің адам құқын қорғаудағы қайырын сезіне түсті. Сот пристаы, сот хатшысы, сот саласында басшы қызметтерін атқарған кезі де болды. Бірақ оны қай жұмыста жүрсе де оны сот орындаушылық қызмет өзіне тарта берді. Әсіресе, соңғы Ақтөбе қалалық әкімшілік сотындағы бөлім басшысы міндетін атқару кезінде жан дүниесінің қалауы осы сала екенін айқын түсінді.

Ал бұл уақытта яғни, 2018 жылы Ақтөбе қаласында жеке сот орындаушылар қызметі құрылып жатқан болатын. Ол көп ойла-

нып жатпастан алғашқылардың бірі болып, осы жеке сот орындаушылар қатарына қосылды. Ал, келесі жылы алимент ісі бойынша арнайы бөлім құру қажеттігі туғанда өзінің бұл саладағы тәжірибесін пайдаланып, тірі жетімге айналған балаларға көмектесуі қажет екенін ұқты. Өйткені, Ақтөбе ғана емес жалпы республика бойынша алимент өндіру өте күрделі болатын және мұндай істердің қатары уақыт өткен сайын көбейіп бара жатты. Оларды іске асырудың оңай еместігіне тәжірибесінде талай көзі жеткен. Мұнда тек сот орындаушы болу аз, психолог, қажет кезінде мәмілегер рөлін атқаруың керек. Құр орындаудың жөні осы екен деп мәжбүрлеу машинасын іске қоса бергеннен тек қана ұтыласың. Сондықтан әрбір адамға жеке қарым-қатынас жасап, әрқайсысының жандүниесіне үнілу, мәселенің себебін айқындау, содан соң барып әрекет ету қажет. Біздің кейіпкеріміздің де тапхы өте әсерлі. Оны тыңдай

отырып, нәп-нәзік қыздың адамдық ар, кәсіби парыз алдындағы адалдығына еріксіз сүйсінесің.

– Өндірілмеген алименттер өте көп. Әрқайсысымызда кем дегенде 600-ден іс бар. Олардың арасында әртүрлі жағдаймен төлемей жүргендер кездеседі. Біреу қасақана төлемесе, енді бірінші табыс көзі жоқ. Тағы біреуінің айлығы шайлыққа жетпейді. Яғни, төлейін десе де шамасы келмейді. Олардың әрқайсысының жағдайына, ниетіне қарай әр түрлі қарым-қатынас жасаймыз. Жұмысы жоқтарға жұмыс тауып беруге тырысамыз. Талапкермен тілдесіп, ортақ мәмілеге келуіне күш саламыз. Соның арқасында кейбіреулер келісіп, алиментті мүмкіндігі жеткен сомада өтеп тұруға уағдаласып жатады. Кейбірі та-

быс көзін жасырып қашып жүреді. Ондайлар бірнеше рет әкімшілік жауапқа тартылса да төлемейді. Тек шетелге шығу қажет болғанда бір-ақ өтеп тастап жатады. Мұндайда әрине қуанасың. Кейбірінің үстінен қылмыстық іс қозғауға тура келеді. Кей жағдайда әкімшілік шара қолданылаын деп тұрғанда талапкердің өзі ара түсіп, кешірім жасайтын кездер де болады. Кейде шыны керек қулыққа көшеміз. Көбіне борышкерлерді алдап шақырамыз. Басында бір рет келеді, қарыздың жайын айтқан соң жоламай қашып жүреді. Былтыр сондай бір жағдай болды. Бір борышкер табыс көзін жасырып, алиментін толық төлемей жүрді. Талапкер үнемі одан алатын он мың теңгенің жетпейтіндігін айтып шағымданумен болды. Бір күні келіп, борышкердің жеке пластикалық терезе жасайтын фирмасы барын айтты. Мен оған бірден басқа номерден телефон шалып, бір әріптесімнің кеңсесіне терезе салуға тапсырыс бердім. Ол еш күманданбай қабылдап алып,артына жетіп келді. Сол кезде біз оны таксимен Әділет департаментіне жеткізіп, сол жерде хаттама толтырып, төрт тәулікке қаматтық. Осындай соң 2 млн теңгеге жуық қарызын жауып тастады. Қазір алиментін тұрақты түрде төлеп тұрады. Сол секілді қашып жүрген тағы бір борышкерді ағасының үйіне таңертен ерте барып ұстап алиментін төлеттім. Осындай қадамдарға баруға тура келетін сәттер аз емес. Небір агрессивті адамдар бар, олардан жеке басыңа қауіп төнетін кездер де болады. Сондықтан әріптестер объектілерге бірігіп баруға тырысамыз. Қуанатыным біздің ұжымда бір-біріне қолдау көрсетіп, көмектесуден ешкім бас тартпайды – деген еді Гүлдана.

Ақтөбелік сот орындаушы қыздар жайлы әлі де көп әңгіме айтуға болады. Бірақ оның бәрі де бұл арулардың азаматтық ұстанымдарының нықтығына, ар алдындағы адалдығына, елге қызмет етсек деген таза ниетіне тіреледі. Әрбір ынтамен атқарылар істің жемісінің де тәтті екендігін көз алдына тосады.

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,
«Заң газеті»

ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ!

Қазіргі заманда отбасылар-
дағы тұрмыстық зорлық-зом-
былық жағдайлары өте жиі кез-
деседі. Көбінесе адамдар бұл
туралы ашық айтпайды. Ол
дұрыс емес.

ҚР Конституциясында адамның қадір-қа-
сиетіне қол сұғылмайды, әркімнің ар-на-
мысы мен абыройлы атының қорғалуына
құқығы бар деп анық жазылған. Қазіргі
таңда мемлекетімізде зорлық-зомбылықтың
етек алуы көбіне отбасында орын алады.
Отбасындағы салауаттылық – өркениетті
қоғамның талабы, өйткені ұрпақтан-ұр-
паққа жалғасып келе жатқан дәстүрлер
мен мұраттар көбінесе отбасында дамып,
қалыптасады.



Әйелдер мен балаларға қатысты зом-
былықтың алдын алу және бағытталған
профилактикалық сипаттағы шараларды
жүргізуде ақпараттық насихат жұмыстарды
өткізу қажет. Өйткені, отбасы бұзылуының
басты себептерінің бірі – зорлық-зом-
былық. Қандай зорлық-зомбылық болма-
сын ол міндетті түрде жазасыз қалмайды.
Отбасындағы тұрмыстық қатынастар сала-

сындағы құқық бұзушылықтың алдын алуға
бағытталған заңды нормалар жетілдірілді.
ҚР Үкіметі заң жобаларының жұмыстарын
іске асыру жоспарының 29-пунктіне сәйкес,
2004 жылдың 13 желтоқсанында «Тұрмы-
стық зомбылыққа қарсы әрекет ету тура-
лы» заң жобасы әзірленді. Заң жобасының
негізгі мақсаттарына келсек:

- адамның қызығушылығын, бостан-
дығын, заңды құқықтарын қорғауға, кепіл-
деме беруді көтермелеу;
- отбасылық тұрмыстық қатынастар са-
ласындағы құқық бұзушылықты төмендету
жөнінде тиімді шаралар қабылдау;
- тұрмыстық зомбылықтың алдын алу-
дың көп деңгейлі жүйесін жүргізу.

Зорлық-зомбылыққа қарсы күресу үшін
бірінші кезекте осы мәселеге қоғамның
көзқарасын өзгерту
маңызды. Баланың от-
басында дұрыс, жақсы,
өнегелі тәрбие алуы
ата-анаға байланысты.
Халқымыз қашан
да нәзік жанды әйел-
дерді қастерлеп, шаңы-
рақтың ұйытқысына,
ырыс пен бірліктің
символына бағалаған.
Үйдің киесі, жақсылық
біткеннің діңгегі санап,
нәзік жанды деп төрі-
не шығарып, жоғары

бағалаған.

Сол себепті, зорлық-зомбылықты жоюға
өз үлесімізді қосайық.

Д.ХАМИЕВ,
Ақтөбе қаласының әкімшілік құқық
бұзушылықтар жөніндегі
мамандандырылған ауданаралық
сотының судьясы

ТІЛ БОЛАШАҒЫ – МЕМЛЕКЕТ БОЛАШАҒЫ

Статистикалық мәліметтерге сәйкес сот жүйесіндегі іс қағаздарын то-
лығымен қазақ тіліне көшірілген. Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде
қызмет етуінің алғышарттарының бірі – оның қоғамдық өмірдің әр алуан
саласында қызмет етуі және соған орай іс қағаздарының қазақша жүр-
гізілуі. Атап айтқанда, соттың жедел кеңестерінің хаттамалары, анықтама-
лар, ақпарат, шолу толығымен мемлекеттік тілде ресімделеді, кіріс, шығыс,
ішкі құжаттардың барлығы да қазақ тілінде толтырылады.

ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы
кодексінің 738-бабына сәйкес, Қазақстанда
әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер
бойынша іс жүргізу мемлекеттік тілде жүр-
гізіледі, ал қажет болған кезде іс жүргізуде
орыс тілі немесе басқа да тілдер мемле-
кеттік тілмен тең қолданылады. Әкімшілік
құқық бұзушылық туралы істерді қарауға
уәкілеттік берілген судья, органдар (лау-
азымды адамдар) сот ісін жүргізу тілін өз-
герту қажет болған кезде әкімшілік құқық
бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізу
тілін өзгерту туралы уәжді қаулы шығара-
ды.

Іс бойынша іс жүргізіліп жатқан тілді
білмейтін немесе жеткілікті білмейтін іске
қатысушы адамдарға ана тілінде немесе
олар білетін басқа тілде мәлімдемелер
жасау, түсініктемелер мен айғақтар беру,
өтінішхаттар мәлімдеуге, шағымдар жасау,
іс материалдарымен танысу, оны қарау
кезінде сөз сөйлеу, осы кодексте белгілен-
ген тәртіппен аудармашының қызметтерін
тегін пайдалану құқығы түсіндіріледі және
қамтамасыз етіледі. Олай болса, әкімшілік
құқық бұзушылық іс қазақ тілінде жүргізілуі
керек, тек қажет болған кезде іс жүргізу тілі
уәжді қаулымен өзгертіледі.

Кодекстің 744-бабында өзі жөнінде
әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс
жүргізіліп жатқан адам іс қаралғанда ана
тілінде немесе өзі білетін тілде сөйлеуге,
егер іс жүргізіліп отырған тілді білмесе, ау-
дармашының қызметін пайдалануға құқылы
деп көрсетілген.

Мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру
мемлекеттік қызметшілерге жүктеліп отыр-
ған зор міндет. Соған қарамастан уәкілетті
органдар әкімшілік хаттамаларын толтыру
мен әкімшілік істерді қозғауда тіл заң-
дылығы жөнінде елеулі олқылықтарға жол
береді. Бұл мәселелер негізінен уәкілетті
лауазымды адамдардың кәсіби дайын-
дықтарының төмендігінен, яғни, ӘҚБтК-сі
мен аталған заң талаптарын жетік біл-

меулерінен, немесе меңгермеуінен, ал
кейбіреулерінің білгілері де келмейтіндік-
терінен де орын алады.

Орал қаласының әкімшілік құқық бұ-
зушылықтар жөніндегі мамандандырылған
әкімшілік сотына 2022 жылы түскен 7094
әкімшілік істің ішінде 2761 іс қана мем-
лекеттік тілде қаралған. 2023 жылдың 1
тоқсанында түскен 1545 істің 693-сі ғана
мемлекеттік тілде, қалған істер ресми тілде
түсіп қаралған. Осы аз ғана көрсеткіштің
өзі, әлі де болса мемлекеттік тілдің қолда-
нылу аясының өз деңгейінен төмен екенді-
гін көрсетеді.

«ҚР Тіл туралы» заңның 24-бабына
сәйкес «ҚР тіл туралы» заңнамасының
бұзылуына кінәлі мемлекеттік органдар-
дың бірінші басшылары не аппараттардың
басшылары, сондай-ақ, жеке және заңды
тұлғалар Қазақстанның заңдарына сәйкес
жауаптылықта болады. Лауазымды адам-
ның мемлекеттік тілді білмеу желеуімен
жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін
қабылдаудан бас тартуы, мемлекеттік
тілдің және басқа да тілдердің қолданылу
салаларында олардың пайдаланылуына кез
келген кедергі келтіру, сондай-ақ, деректе-
мелер мен көрнекі ақпаратты орналастыру
бойынша талаптарды бұзу Қазақстанның
заңдарында көзделген жауаптылыққа әкеп
соғатындығы көрсетілген.

Басқа да шаралармен бірге осы баптың
талаптары іс жүзінде қолданылса, мемле-
кеттік тілдің қолдану аясының молаюына
септігін тигізетіні анық. Тіл болашағы ме-
лекет болашағы дейтін болсақ мемлекеттік
тіліміздің қолданыс аясын сот саласында
Ата заңымыздың аясында барынша кеңейту
міндетіміз және парызымыз екендігін есте
сақтаған жөн.

Б.БАЙМУХАНОВА,
Орал қаласының әкімшілік құқық
бұзушылықтар жөніндегі
мамандандырылған сотының
судьясы

ҚР 2020–2025 жылға дейінгі «Білім беруді дамыту бағдарламасында»: «Ел
халқын қоғамда сұранысқа ие дағдылармен және рухани-адамгершілік құн-
дылықтарымен жеке тұлғаны дамытуға бағытталған біліммен қамтамасыз ету
және нәтижелілікті арттыру үшін тұтас ғылыми экожүйені қалыптастыруды»
басты мақсаттар деп негіздеп, сапалы білім беру міндетін айқындады.

ЖАҢҒЫРУ МЕН ЖАҢАРУДЫ КӨЗДЕЙТІН ЖОБА

Қазіргі уақытта республика бойынша «Жас
маман» жобасы жүзеге асырылуда. «Жас ма-
ман» инновациялық жобасы – колледждің
материалдық базасын жақсарту мен білікті
маман даярлау жолында іске асырылып келе
жатқан жаңа жоба. Бұл жобаның техникалық
және кәсіптік білім беру жүйесінің дамуына
қосар үлесі айтарлықтай зор. Сонымен қатар,
жобаның колледждерде іске асырылуы еліміз-
дегі білікті мамандардың сапалы білім алуына
жағдай жасары сөзсіз.

Бүгінгі таңда «Жас маман» жобасының
шеңберінде колледждің оқу-өндірістік базасы
жаңартылды. Студенттерді сұранысқа ие 100
мамандық бойынша оқыту мақсатында колледж
студенттері қажетті заманауи құрал-жабдықтар-
мен жұмыс істейді. «Жиһаз өндірісі» мамандығы
бойынша оқу кабинеттері мен шеберханалары
жаңа технологиялармен толықтырылды. Енді
студенттер жаңа құрылғыларды басқаруды
үйреніп жұмыс істеуде. Жаңа материалдық-тех-
никалық база еңбек нарығында сұранысқа ие
білікті кадрларды даярлауға мүмкіндік береді.
ҚР Үкіметінің қаулысымен «Жас маман» жо-
басының «Еңбек» операторы БАҚ «Холдинг
«ТАЛАП» болып белгіленді. Еңбек операторла-
рымен бірлесіп кадрларды дайындау бағдар-
ламаларын жаңарту, оқытушыларды даярлау
және оқу орны мен менеджмент процестерін
жетілдіру бойынша жұмыс ұйымдастырылған.

Білім беру үдерісін трансформациялаудың
мақсаты – жаңа технологиялардың әлеуетті
мүмкіндіктерін барынша толық пайдалану.
Осыған орай Талдықорған гуманитарлық-тех-
никалық колледжі «Жас маман» жобасына қа-
тысып, халықаралық стандарттарын енгізуде.
«Жас маман» жобасының мақсаты – неғұрлым
сұранысқа ие мамандықтарды жаңғырту және
білікті мамандарды даярлаудың халықаралық
тәжірибесін енгізу болып табылады. Жоба ая-
сында сатып алынған жабдықтардың барлығы
халықаралық стандарттарға сәйкес жасалған
және жиһаз өндірісі мамандығы бойынша құзы-
реттілік орталығы болуға мүмкіндік береді. Жас
маман жобасы бойынша Жаңа кәсіптік стандарт-
тар мен Worldskills стандарттарының ережелері,
жұмыс берушілердің талаптарын және Soprano
Group шетелдік серіктесінің ұсынымдарын еске-
ре отырып, мамандықтар мен біліктіліктерге ар-
налған білім беру бағдарламасы әзірленді. Білім
беру бағдарламаларына «Жаңа кәсіптер атла-
сынан» озық кадрларды даярлауға арналған
модульдер енгізіліп, «TALAP» KEAҚ тізіліміне
білім беру бағдарламасы құрылды.

«Жас маман» жобасын іске асыру шең-
берінде сұранысқа ие кәсіптер тізбесін қалып-
тастыру кезінде Қазақстанда іске асырылатын
стратегиялық, мемлекеттік және салалық
бағдарламалардың негізгі басымдықтарын
ескереіп, базалық технологиялық жаңғырту мен
«Индустрия 4.0» технологияларын қолданып,
экономиканы цифрландыру және инновациялар
инфрақұрылымын құра отырып, жаңа салалар-
ды құру көзделген. Колледждің бас ғимаратын-
дағы оқу аудиториялары мен зертханалары,
өндірістік шеберханалар ғимаратында жөндеу
жұмыстары жүргізіліп, «Жас маман» жобасы
бойынша МТБ-ы ең озық деген технологияға
бағытталған оқу-өндірістік құралдарымен жаб-
дықталды. Жоба аясында «Жиһаз өндірісі»
мамандығы бойынша шеберханада қарқынды
жұмыс жүргізілуде.

Колледж базасында халықаралық стандарт-
тарға сәйкес «Электрмонтаждау» құзыреттілігі
орталығы қызмет етуде. Бұл орталықтар –
мамандарды даярлайтын, қайта даярлайтын
алаңға айналып, кәсіби бағдар беру жұмысын
жандандыруға септігін тигізуде. Студенттердің
WorldSkills чемпионаттар қозғалысына қатысуы-
на үлкен көңіл бөлінеді. Оқу кабинеттері жер-
гілікті атқарушы органдар мен колледждердің
ұсынымдарына, жұмыс берушілердің талапта-
рына және WorldSkills стандарттарына сәйкес
жабдықталған. Сонымен қатар, WorldSkills
стандарттары бойынша бітіруші курс студент-
терінің практикалық дағдыларын сапалы және
кешенді бағалауға бағытталған демонстраци-
ялық емтихан түріндегі қорытынды бағалаудың
жаңа жүйесі енгізілді. Оқу барысында заманауи
құрылғылармен жұмыс жасайтын колледжіміздің
оқытушылары мен өндірістік оқыту шеберлері
арнайы білікті мамандардан дәріс алып, серти-
фикатталды. Жоба аясында Талдықорған гума-
нитарлық-техникалық колледжінің басшылығы
«Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымын
трансформациялау процесінде көшбасшының
рөлі: халықаралық тәжірибе» Алматы облысы
колледждерінің басшыларына арналған білік-
тілікті арттыру курсынан өтті. Сонымен қатар,
«ТАЛАП» Холдингі ұйымдастырған «Білікті ка-
дрларды даярлауда халықаралық тәжірибені
пайдалана отырып, оқытушылардың біліктілігін
арттыру» курсынан – 5 оқытушы, «Техникалық
және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру
ұйымдарындағы академиялық дербестікті еске-



Рустам АБДУЛЛИН,
Талдықорған гуманитарлық-техникалық
колледж директорының профильдік
оқыту ісі жөніндегі орынбасары

ре отырып, білім процесін модельдеу» курсына
7 өндірістік оқыту шебері оқытылды. Білім беру
бағдарламаларының тәжірибелік-бағдарлануы
кәсіби стандарттардан, WorldSkills стандартта-
рынан, жұмыс берушілер мен әлеуметтік серік-
тестердің ұсынымдарынан кәсіби модульдер мен
оқыту нәтижелері құрастырылды.

«Жас маман» жобасы жаңғыру мен жаңа-
руды көздейді. Осы жоба аясында «Жиһаз
өндірісі» мамандығы бойынша білім алатын сту-
денттеріміз жоғары деңгейде, республикамыз-
дың ірі қалаларында жұмыс жасауға және де өз
білімін жоғары оқу орындарында жалғастыруға
мүмкіндік алып отыр. Бірқатар студенттеріміз
Нұр-Сұлтан қаласында орналасқан «Астана
жиһаз» фабрикасына барып жұмыс жасап
қайтты. Сонымен қатар колледжіміз «Талап»
KEAҚ ұйымдастыруымен өткен «Жас маман»
жобасына қатысып, халықаралық стандарттарға
сәйкес инновациялық технологиялар және
бағдарламалармен қамтамасыз етіліп оқуды
бастады. Оқу барысында «WorldSkills» чемпио-
натына қатысушылар үшін тренингтер өткізілді.
Тренингтермен қатар, «Жас маман» шеңберінде
біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастырып,
қолдау көрсетіп келеді. Колледж әкімшілігі мен
өндірістік оқыту шеберлері арнайы біліктілік-
терін жетілдіру курстарына қатысып, өзара
тәжірибе алмасып, білімдерін шыңдай түсті
және сертификаттарға ие болды. Өндірістік
оқыту шеберлері Т.Каримов, Ш.Абилкаримов
Нұр-Сұлтан қаласында орналасқан «Аста-
на жиһаз» фабрикасына тәжірибе алмасуға
барды. Үш күн көлемінде фабриканьш жұмыс
барысымен танысып, көптеген әдіс-тәсілдерді
үйреніп, тәжірибе алмасып қайтты. Бұған қоса,
«Жас маман» жобасына енген «Жиһаз өндірісі»
мамандығының білім беру бағдарламасы шетел-
дік (финдік) әріптестердің әзірлеген білім беру
бағдарламасына және «Soprano Group» әдісте-
мелік ұсыным негізінде жасалды. Индустриал-
дық кеңес отырысында қаралып, кредиттік-мо-
дульдік бойынша оқу жұмыс жоспары құрылды.

«Жас маман» жобасын іске асырудағы
тәжірибенің мүмкіндіктерін ұсыну мақсатында
Алматы облысы білім басқармасының ұйымдас-
тыруымен «Жас маман жобасы кәсіби даму
негізі» тақырыбында облыстық семинар өтті.
Тәжірибелік алаңда «Жиһаз өндірісі» маман-
дығына алынған заманауи құрылғылармен та-
ныстырып, өндірістік оқыту шеберлері «Ағаштан
даярланатын өнімдерді даярлау жолдары»
және «Жиһаз бөлшектерін әзірлеу» тақырыбын-
да шебер класстар көрсетті. Кәсіпорындардың
тапсырысы бойынша кадрларды дайындау үшін
Талдықорған қаласы мен облыстың кәсіпорын-
дарымен жұмыс басталды.

Кәсіби стандарттарға, практикада бағдар-
ланған оқу жоспарлары, жетекші вендорлардың
академиялық бағдарламаларын енгізуге бағдар-
лау – еліміздегі кәсіптік білім берудегі соңғы
трендтер. Талдықорған гуманитарлық-техника-
лық колледждің заманауи жабдықтармен қамта-
масыз етілген шеберханаларында жұмыстың
практикалық дағдылар арқылы жұмыс істеуге
дайын болуы үшін өндіріс процестері жасалған.
«Жас маман» жобасы кәсіби өндірушілері сту-
денттерді практикамен ғана қамтамасыз етіп
қоймай, процестерді өзгертіп, жақсартқысы ке-
летін талантты жастардың идеяларын дамытуға
барлық мүмкіндіктерді ашуда. Бүгінгі студент
– ертеңгі маман, яғни, өзі қалаған белгілі бір
мамандықты оқып, алған теориялық білімдері
мен тәжірибесін кәсібіне сай дұрыс пайдала-
нуға үйрету, осы негізде олардың кәсіби өсуі
мен мансабына ықпал етіп жағдай жасау біздің
міндетіміз.

ТҮЙТКІЛ

Заңнамалық актілерге Қаржы министрлігі ұсынатын түзетулер нарық қатысушыларының жағдайын жақсартуға кедергі. Бұл жаңадан құрылған «Қазақстан бухгалтерлері мен аудиторларының альянсына» қатысушылардың пікірі.

АЛЪЯНС ЗАҢДАҒЫ
ӨЗГЕРІСТЕРГЕ ҚАРСЫ

Альянс бухгалтерлер мен аудиторлар, кәсіби аудиторлық ұйымдар мен бухгалтерлер ұйымдарының мүшелері болып табылатын 28 770 жеке тұлғаны, аудиторлық және бухгалтерлік ұйым болып отырған 347 заңды тұлғаны біріктіреді. Оның құрамына кіретін бухгалтерлерді кәсіби сертификаттау жөніндегі ұйымдар Қазақстанның 12 700 кәсіби бухгалтерін сертификаттады.

«ЦДБ Профи» ЖШС директоры Альмира Шарафутдинованың сөзіне қарағанда, альянстың негізгі мақсаты нарықты монополиялау әрекеттерімен күресу үшін кәсіби ұйымдарды біріктіру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және бірыңғай операторларды жою болып табылады. Альянс қызметі бухгалтерлер мен аудиторлардың кәсіптік білім беру сапасын жақсартуға бағытталған. Ал «ҚР Кәсіби бухгалтерлер палатасы» Директорлар кеңесінің төрағасы, Халықаралық бухгалтерлер федерациясының мүшесі Нұрлан Әлімбетовтың айтуынша, кәсіби бухгалтерлер өңірлік, ұлттық және халықаралық деңгейде экономиканың дамуына зор үлес қосуда. Ол Халықаралық бухгалтерлер федерациясының экономикалық және іскерлік зерттеулер орталығымен

бірлесіп жүргізген зерттеулерінің арқасында дәлелденді.

– Біз заңнаманы жетілдіруге қарсы емеспіз, бірақ оны бүкіл бухгалтерлік және аудиторлық қоғамдастықпен өркениетті қоғамдық талқылау арқылы жүргізу керек деп санаймыз, – дейді «Бухгалтерлер қауымдастығы» КПБ директоры Сымбат Асанбекова.

«Қазақстанның аудиторлық ұйымдар және аудиторлар институты» КАҰ атқарушы директоры Гүлмира Жармұхамбетованың пайымдауынша, аудиторлық қызметке қатысты жағдай өте шиеленісті. Қаржы министрлігінің кәсіби кеңес түріндегі аудиторлық қызмет операторын құру идеясының сәтсіз аяқталғанын бәрі көріп отыр. Мысалы, 2021 жылдың шілдесінен бастап аудиторларды аттестаттау жүргізілмейді. Егер 2022 жылға дейін аудиторлық ұйымдар санының қандай да бір өсуі байқалса, осы жылдан бастап біз аудиторлық ұйымдардың айтарлықтай қысқарғанын байқаймыз. 2022 жылдың 1 наурызында Қазақстанда 484 аудиторлық ұйым, ал 2023 жылдың 21 ақпанында 471 ұйым болды.

Е.КЕБЕКБАЙ,
«Заң газеті»

ПІКІР

СӨЗ ҚАСИЕТІ - КӨРКЕМДІГІНДЕ

Тіл – адам ойы мен санасының, ұлт болмысы мен сапасының көрсеткіші. Тіл – адам жаратылысының күрделі де көркем құбылысы...

Айналамыздағы тылсым дүние, табиғат, ел мен жер, қоршаған орта, жалпы планеталық құбылыстар адамның пайымына, ой-санасына түрлі ықпал етіп, әртүрлі әсер туғызады. Бұл әсерлер адам санасында қабылдау, жинақтау, байыптау, саралау, сараптаудан өтіп, сөзбен бейнеленіп, тілмен өрнектеледі. Таным – жаратылыстың адам баласына берген ең ғажайып қабілет, баға жетпес сый, ерекше тартуы.

Шешен сөз – көсем ойдың көрінісі, ал қазақ халқы – шешендік пен көсемдіктің он-сан үлгісін жаратқан кемеңгер халық. Қазақта өмір мен тіршілікке, ел мен жерге, заман мен қоғамға, ұлт пен ұрпаққа, бақ пен таққа, сезім мен сенімге, т.б. дүниелік құбылыстарға қатысты шебер түйінделген ой, бейнелі сөзбен бекітілген ақиқаттар қаншама? Суырып салып өлең-жыр айтуға жаратылысынан бейім шешен де көсем мінезді қазақ халқы сөздің қадірі мен қасиетін ерекше бағалағаны арғы-бергі тарихымыздан белгілі. Ұлы дала билерінің тоқтамды сөзі мен кесімді пікірлері аса жоғары қоғамдық-әлеуметтік сипатқа ие болып, қара орман жұртты әділетті шешімге жүгіндіріп отырған. Терең ой, тегінгілі сөз ел ішіндегі наразылықты тоқтатып, әр кез ынтымақ пен татулықтың көшін түзеуге игі ықпалын тигізген.

«Сөздің шырайлы, ажарлы болуына ойдың шеберлігі керек. Ұнамды, орынды, дәмді болуына сыншылдық керек. Мағыналы, маңызды болуына білім керек» деген екен Ахмет Байтұрсынұлы. Әр қаламгердің өз ойы, өз талғамы, өз тіл ұстарту шеберлігі, сөз қолданысы болады. Ал Ғабит Мүсірепов атамыз «Сөз қасиеті – көркемдігінде, ой қасиеті – шындығында» деген.

Қазақтың тілін терең білу мен еркін игеру – ол елің мен жерінді, Отаның мен ұлтынды, әкең мен анаңды сую, құрметтеу деген сөз! Біздің ана тілімізде ынабаттылық пен парасаттылық, ізгілік пен адамгершілік, кішіпейілділік пен кісілік көркем бейнеленіп, толық көрініс табады. Біз тілді терең білу арқылы ұлтымызды сақтаймыз, ал ұлтты сақтау арқылы қазақ Елінің Тәуелсіздігін сақтаймыз. Сонымен қатар, адамзат құндылықтарын, руханият әлемін танып, игереміз.

Сөз – қазақ үшін де, жалпы адамзат үшін де Мәңгіліктің бойтұмары деп білуіміз керек.

З.ӨТЕГЕНОВА,
Бейнеу аудандық сотының кеңсе меңгерушісі

КӨКЕЙКЕСТІ

Қазақтың біртуар ақыны М.Жұмабаев «Ұлтқа тілінен қымбат нәрсе болмақ емес, бір ұлттың тілінде сол ұлттың сыры, тарихы, тұрмыс-тіршілігі, мінезі айқын көрініп тұрады», – деген екен. Сол айтпақшы, әлем халықтарын бір-бірінен ерекшелейтін басты белгінің бірі – мемлекеттік тілі. Себебі, анамыздың ақ сүтімен бойымызға дарыған тіліміз – ұлттың жаны, халықтың мол мұрасы. Сондықтан да, қай елде де тіл қастерлі, қасиетті, құнды саналған. Біздің мемлекеттік тіліміздің мәртебесі Конституцияда бекітілген, яғни, Ата Заңымыздың 7-бабында Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл – қазақ тілі екендігі көрсетілген. Мемлекеттік тіл дегеніміз мемлекеттің бүкіл аумағында, қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі.

Бүгінгі таңда сот саласында да сот

ісін жүргізу тілін белгілеу тәртібі заң нормаларымен ескелгенін атап өткен жөн. Мәселен, Азаматтық процестік кодекстің 14-бабында азаматтық істер бойынша сот ісін жүргізу қазақ тілінде жүргізіледі, сот ісін жүргізуде қазақ тілімен қатар ресми түрде орыс тілі, ал заңда белгіленген жағдайларда басқа тілдер де қолданылатындығы нақты айқындалған. Сондай-ақ, сот ісін жүргізу тілі сотқа талап қою берілген тілге байланысты сот ұйғарымымен белгіленеді. Одан бөлек, істі сот талқылауына дайындау кезінде екі тараптың да жазбаша өтінішхаты бойынша сот ұйғарыммен сот ісін жүргізу тілін өзгертуге мүмкіндік бар.

Қазіргі уақытта соттарда сот-құқық жүйесіндегі қазақ тілінің мәселелерін шешу жолын ұсыну, мәртебесін көтеру мәселелері күн тәртібінен түспей келеді. Себебі, сот процестерінің 70 пайызы орыс тілінде. Бұл туралы Жоғарғы Сот төрағасы А.Мерғалиев «Мемлекет басшысының қазақ тілін

СҰХБАТ

Айбек БАРЫСОВ,

Экономикалық ұлтшылдық қозғалысының жетекшісі:

«ПАЛАТАНЫҢ ЖАСЫРЫҢ САЛЫҒЫ
КОНСТИТУЦИЯҒА САЙ ЕМЕС»



Экономикалық ұлтшылдық қозғалысының көшбасшысы, кәсіпкер Айбек БАРЫСОВ жұртшылыққа сайлау науқаны кезінде танылды. Парламент Мәжілісіне тәуелсіз үміткердің бірі болып, депутаттыққа өтпей қалғанымен, Барысов саяси жолын ары қарай жалғастырмақ. Ол серіктестерімен бірге жақында тіркеуден өткен Экономикалық ұлтшылдық қозғалысын дамытуға күш саламыз деп отыр.

– Айбек мырза, біздің білуімізше, ҚР Әділет министрлігі Экономикалық ұлтшылдық қозғалысын ресми түрде тіркеген екен. Ұйымның алдына қойған мақсаты мен міндетін толығырақ айтып берсеңіз?

– Экономикалық ұлтшылдық қозғалысы қазақстандық бизнесті біріктіреді. Нақты айтқанда, бюджеттің ақшасы, халықтың ақшасы барынша елімізде қалғанын қалайтындардың басын қосады. Жалпы, елімізде қазақстандықтарға арнап тым болмаса бір жұмыс орнын құра алғандардың барлығы қозғалысымыздың әлеуетті мүшесі болып табылады. Қозғалыс осы бағытта дамитын болады.

Біздің басты мақсатымыз – ел басшылығының, үкіметтің жұмысын отандық бизнесті, отандық өндірісті, отандық қызмет көрсетушілерді қолдау жағына қарай бағыттау. Тауарлар мен қызметтердің арасындағы қазақстандық үлестің барынша жылдам қарқынмен арта түсуіне ықпал ету. Сонда ғана бұл жаңа жұмыс орындарының құрылуына, өндіріс орындарының көптеп салынуына, технологиялардың трансфертінің артуына алып келеді. Басты мақсатымыз осы.

– Қозғалыстың алдағы уақытта атқаратын іс-шараларының жоспары нақтыланды ма?

– Іс-шаралардың ең негізгісі үкіметпен арадағы коммуникацияны жақсартып, оларға біздің негізгі идеямызды, проблемаларымызды жеткізу. Екіншіден, біз «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасын не реформалауға, не болмаса оны таратуға қол жеткізуге ниеттеміз. Өйткені, оның бүгінгі күні заң аясында белгілеп отырған жасырын салығы Конституцияға сай келмейді. Біз Конституциялық сотқа осыған байланысты бірнеше шағым түсірдік. Аталған норманы алып тастауға ықпал етуге тырысатын боламыз. Неге десеңіз, «бизнес ұлттық палатаға міндетті түрде қатысуға тиіс» деген талап пен оған төлейтін жарна түріндегі жасырын салықты біз заңсыз деп есептейміз.

– Экономикада ұлтшылдық пен мемлекетшілдіктің айырмасы бар ма?

– Назарбаевтың тұсында құрылып жұмыс істеп келген, елді басқарған компрадорлық жүйеге экономикалық ұлтшылдық тән қасиет емес. Мемлекетті басқарудың осындай компрадорлық жүйесінің, соның аясында қабылданған заңдардың салдарынан қазіргі таңда біз тек шикізат экспортымен ғана айналыса аламыз. Заңдар тек шикізат экспортын жүзеге асыруға болатындай және оны оңайлата түсетіндей етіп жасалған. Басқа тауарлардың барлығы елге импортталады. Мысалы, машина жасауда біз 96% импортқа тәуелдіміз. Қарапайым жалғыз мысал, елімізде свитер жейделердің баламасы бола тұра ол жүз пайыз сырттан әкелінеді. Қорғаныс министрлігі, тіпті Үкімет басшысы да импортты қолдайды.

– Экономикалық ұлтшылдық қозғалысы «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлік палатасының экономикадағы монополиясын жоя ала ма?

– Біз «Атамекен» ҰКП монополиясына қарсы тұруымыз керек. Өткен уақыт ішінде байқағанымыздай, бұл палата елге еш пайда әкелген жоқ. Ол үкіметке тәуелді және іс жүзінде бизнес жөніндегі министрлік болып табылады. Солай бола тұра, ол өз функциясын атқара алмайды. Ешнәрсе тындырмайтын, қолынан ештеңе келмейтін масыл құрылымға айналғанымен қоймай, ұлттық экономикаға керісінше нұқсан келтіріп отыр.

– Еуразиялық экономикалық одақтың қызметі туралы не айта аласыз?

– Біз Еуразиялық экономикалық одақтан сөзсіз шығуға тиіспіз. Бірақ экономикалық барлық мәселелер саяси және әскери мәселелерге айналып кетпеуі үшін барынша ойластыра, мейлінше абайлап, мұқият есептей отырып одан шығуымыз керек. Өйткені, арамыздағы түрлі экономикалық байланыстар тығыз, өзімізге жүктеп алған міндеттемелеріміз баршылық.

Кезінде жеке-дара шешіммен қабылданып, жасалған бұл қадам тек бізге ғана емес, келешек ұрпағымызға да салқынын тигізбей тынбайды.

– Жалпы елімізде халықаралық, аймақтық, әлемдік ұйымдармен ықпалдастықтың пайдасы мен зияны қаншалықты сарапталды?

– Экономикалық ұлтшылдықтың дамуын мейлінше жоғары деңгейге көтеруіміз қажет. Сонда өздерін түркі мемлекеттеріміз деп айқындайтын, Түркі одағының елдері өзара келісімге келе алады. Мысалы, айталық, Өзбекстан мақта өсіреді, Қазақстан одан мата жасайды, ал тігін өндірісімен Түрікменстан айналысады деп өзара келісімге келе аламыз. Қазақстан өңдеумен, ал Қырғызстан одан да тереңірек өңдеумен шұғылданады дегендей. Ол үшін саяси ерік пен жігер керек, барлық бағытты осыған ыңғайлап бұру қажет болады. Осы тектес халықаралық келісімдерге келмес бұрын, ең алдымен өз елімізде технология түрлері дамуы үшін, ақша-қаражаттың барынша ел ішінде қалуын ойлау маңызды. Сонымен бірге, бұл жерде еліміздің азаматтарын көбірек жұмыспен қамту үшін ел экономикасын, өз өндірістеріміз бен өзіндік бизнесімізді жөнге келтіріп, тәртіп орнатып алғанымыз абзал.

– Ұлттық жобаларды қалай нәтижелі етуге болады?

– Ел экономикасындағы тауқымет пен дағдарысты тек нарықтық жолмен басқару үрдісін жолға қоя алған, нарықтық әдістермен басқарылатын жекеменшік компаниялар мен жеке бастамашылар ғана шеше алады. Осындай сәтті шыққан, үлгі тұтуға боларлық жобалар бар. Оған мақтаны терең өңдеп, дайын матаға және дайын өнімге дейін айналдыра алу деңгейіне жеткен «Азала» компаниясын мысалға келтіруге болады. Ол технологияларды сатып алып, оны Қазақстандағы өз өндірісінде қолданысқа енгізді. Алайда қазіргі таңда осы компания құрған конструкторлық бюрода кез келген техника түрін өндіре алатын «Парамаунт Инжиниринг» секілді жобаларды сау-сақпен санарлық деп айтауға болады. Өкінішке қарай, бұл жобаларды жүзеге асыруға үкіметтің іс-әрекеттері емес, керісінше оған қарама-қайшы бағытта жасалған жеке бастамалар ұйытқы болды.

– Сұхбатыңызға рақмет.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ХАЛЫҚТЫ ТОПТАСТЫРУДЫҢ
АСА МАҢЫЗДЫ ФАКТОРЫ

ұлтаралық тіл деңгейіне шығару керек деген ойын сабақтай отырып, тілімізді өз тұғырына қондыру – баршамызға ортақ міндет. Өкінішке қарай, сот процестерінің 70 пайызы орыс тілінде. Тіпті, кей өңірлерде, мәселен, Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Павлодар облыстары мен Алматы соттарында қазақ тілінің үлесі 5 пайыздан аспайды. Бұл жерде мәселе тек соттарда десек, қателесеміз», – деген еді.

Иә, тәуелсіздіктің бесігінде тербелген егемен ел болсақ та, заңдардың 99% уәелі орыс тілінде әзірленіп, қазақ тіліне аударылатыны бүгінгі қоғамның ащы шындығына айналып отыр. Тағы бір айта кетерлігі, аудармалардың сапасыз, түсініксіз сөздермен жазылуында. Себебі, тура мағынада аударылып, терминдер жиі қолданылған қазақ тіліндегі заңнамаларды оқып-түсіну кез келген адамға қиындық тудырып келеді. Оның үстіне үтір не нүктесі жоқ шұба-

лаңқы сөйлемдер жиі қолданылады. Сондықтан, қазақ тілінде жазылған заңдардан гөрі, алдымен заңдардың орыс тіліндегі нұсқасына жүгінетіндер көп.

Қазақылықтың қаймағы бұзылмаған Маңғыстау соттарында шығыс құжаттардағы мемлекеттік тілдің үлесі 89,9 пайызды құраса, ішкі құжаттар 100 пайыз қазақша жүргізіліп келеді. Ал, мемлекеттік тілде түсетін кіріс құжаттардың үлесі 64,8 пайыз ғана. Басты себеп – мемлекеттік органдар мен мекемелердің сотқа талап қоюды орысша жолдауында болып отыр. Осы орайда, аталған мәселелер бойынша өңірдегі мемлекеттік органдарға арнайы хаттар жолданғанын атап өткен жөн. Сондай-ақ, өз тарапымыздан істі сотта қарауға дайындық кезінде қазақ тілін білетін тараптарға сот ісін жүргізу тілін өзгерту құқығын түсіндіріп отыру дағдымызға айналған. Одан бөлек, өткен жылдың соңында Астана қаласында «Құқық

жүйесіндегі қазақ тілінің мәселелері және оларды шешу жолдары» атты республикалық ғылыми-практикалық ауқымды конференция өткен болатын. Аталған конференцияға Маңғыстау өңірінің судьялары да атсалысып, қолданыстағы заңдарға тіл туралы өзгерістер енгізу мәселесіне байланысты өз ұсыныстарын жолдады.

Дүниедегі ең шұрайлы, кестелі тілдің бірі – қазақ тілі. Бұл тілде жазылған талай шығарма, поэма, өлең қазақтың атын әлемге паш ете білді. Мемлекет басшысы алғашқы жолдауында «Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі рөлі күшейіп, ұлтаралық қатынас тіліне айналатын кезеңі келеді деп есептеймін. Бірақ мұндай дәрежеге жету үшін бәріміз даңғаза жасамай, жұмыла жұмыс жүргізуіміз керек», – деген еді. Сондықтан, Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру – Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы әрі міндеті деп білемін.

Гаухар МЕТЕРКУЛОВА,
Ақтау қаласы №2 сотының судьясы

ҚҰЖАТ ТІРКЕУДЕГІ ЖАҢАШЫЛДЫҚТАР

«ҚР Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы» 2022 жылғы 29 желтоқсанда № 1093 қаулысы қабылданды.

Үкімет қаулысы Әділет министрлігінің мемлекеттік басқарудағы жергілікті органдардың нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу функциясын аумақтық әділет органдарына беруді көздейді.

Осыған орай, мемлекетті басқарудағы жергілікті органдардың нормативтік құқықтық актілері мемлекеттік тіркеуге Әділет департаментіне жіберіледі.

Үкімет қаулысына сәйкес Әділет министрлігінде немесе оның аумақтық органдарында мемлекеттік тіркеуге жатпайтын нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік органдар Нормативтік құқықтық актілердің эталондық бақылау банкіне

оларға қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қол қоюға уәкілетті тұлғаның электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған нұсқасын қазақ және орыс тілдерінде электрондық түрде жібереді.

Яғни, мерзім 20 күннен 5 жұмыс күнге дейін қысқартылды.

Аталған нормалар ағымдағы жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді.

С. КАНТАРБАЕВА,
Ақмола облысы Әділет
департаментінің
әкімшілік-құқық бөлімінің
бас маманы

«Е-ӨТІНІШ»

АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕНІҢ АРТЫҚШЫЛЫҒЫ КӨП



«Е-өтініш» ақпараттық жүйесінде жұмыс істеу үшін персоналды компьютерге NCALayer бағдарламасын орнату қажет. NCALayer бағдарламасы орнатылған соң, ашылған браузермен «Е-өтініш» ақпараттық жүйесіне кіру үшін қызметкер логинін, паролін енгізеді.

Логин – қызметкердің ЖСН-і болса, пароль электронды поштаға келеді. Жүйеде өтініш жазу үшін «Өтініш толтыру» түймесін басып, өтінім берушінің жеке деректері мен арыздың мәтінін жазу қажет. Оларды толтырғаннан кейін «Өтінішті басып шығару» түймесін басады. Өтінішті қағаз күйінде шығарғаннан кейін қол қойып, сканерден өткізіп, сканерленген нұсқаны «Құжат тіркеу» және «жіберу» батырмасымен жолдау қажет. Өтініш жіберілгеннен кейін экраннан өтініш талоны көрсетіледі. Талон өтініш беруші туралы ақпаратты және өтініш нөмірін қамтиды. Өтініш жолдау барысында телефон нөмірі дұрыс көрсетілуі маңызды. Өйткені, кейін иесіне өтініштің қаралу барысы туралы SMS хабарлама жіберіледі.

«Е-өтініш» ақпараттық жүйесі жеке және заңды тұлғалардың мемлекеттік құрылымдар қызметіне жүгуінін жеңілдетеді.

Осы орайда «Е-Өтініш» ақпараттық жүйесінің тиімділігіне тоқталсақ. Бұл сервис өтініштерді автоматты түрде бөлуге, мемлекеттік құрылымдар арасында сауалдар санын оңтайландырып, өтініштерді қарау мерзімін қысқартуға мүмкіндік береді. Бұрын тұрғындар тарапынан түскен арыз-шағымдар 30 күнге дейін қаралатын болса, қазір 15 күн ішінде жауап беріледі. Сондай-ақ, өтініш берушімен кері байланыс орнатып, мемлекеттік органдардың

жұмысына баға беруге жол ашады және оларға түскен өтініштердің бәрінің бірыңғай базасын құруға мүмкіндік береді. Егер азаматтар мемлекеттік құрылымнан алған жауабына қанағаттанбаса, одан жоғары сатыда тұрған органға шағым түсіруге, одан кейін шешім қабылдаған мемлекеттік органды талап-арызбен сотқа беруге құқығы бар. Азаматтар мен бизнес өкілдерінің талап-арызын арнайы әкімшілік соттар мемлекеттік органдардың «кінәлілік презумпциясы» қағидаты бойынша қарайтын болады. Яғни, ендігі жерде өтініш беруші өз талабының заңдылығын дәлелдеуге міндетті емес. Керісінше, мемлекеттік орган өзі қабылдаған шешімінің немесе берген жауабының дұрыстығын дәлелдеп, негіздеуі тиіс. Сонымен қатар, «Е-өтініш» ақпараттық жүйесі өтініш берушімен кері байланыс орнатып, мемлекеттік органдардың жұмысына баға беруге жол ашатын бірегей жүйе. Жүйе арқылы мемлекеттік органдардың жауабына міндетті түрде жүйелі талдау жүргізіледі және жұмысты жауапсыз қалдыру ісінің алдын алып, өтініштерді қараудың бірыңғай тәжірибесі жолға қойылды.

Айнагүл ТЕМИРЗАХОВА,
Орал қаласының әкімшілік
құқық бұзушылықтар
жөніндегі мамандандырылған
соты кеңсесінің бас маманы
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

Тараптар өзара жол беру негізінде әкімшілік процестің барлық сатысында (кезеңінде) сот шешім шығаруға кеткенге дейін татуласу, медиация немесе дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісім жасасу арқылы әкімшілік істі толығымен немесе ішінара аяқтай алады.

ТАТУЛАСУ - КӨП КҮРМЕУДІҢ ШЕШІМІ

Жауапкердің әкімшілік қалауы болған кезде тараптардың татуласуына жол беріледі. Дауды медиация және партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу сотта және Қазақстанның заңнамасына сәйкес жүргізіледі. Татуласу, медиация немесе дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісім жазбаша нысанда жасалады және оған тараптар немесе олардың өкілдері қол қояды.

Татуласу, медиация немесе дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісім мәжбүрлеу тәртібімен орындаушылық талаптарға сай келуге және тараптарды татуластыратын шарттарды, сондай-ақ, сот шығыстарын, оның ішінде өкілдер көрсеткен қызметке ақы төлеуге арналған шығыстарды бөлу тәртібін қамтуға тиіс. Сот тараптардың татуласу, медиация немесе дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісімді бекіту туралы өтінішхатын сот отырысында немесе алдын ала тыңдауда қарайды. Татуласу, медиация немесе дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісімді бекіту туралы өтінішхатты қарау нәтижелері бойынша сот осындай келісімді бекіту не одан бас тарту туралы ұйғарым шығарады. Сот тараптардың татуласу, медиация немесе дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісін бекіткен кезде сот талап қоюды толығымен немесе тиісті бір бөлігінде қайтару туралы ұйғарым шығарады.

Сонымен қатар, сотта медиация жүргізу тәртібі түсіндірілген. Бірінші сатыдағы сотта медиация жүргізу үшін әкімшілік іс медиация туралы келісімді бекітетін басқа судьяға

беріледі. Тараптардың өтінішхаты бойынша медиацияны әкімшілік іс өзінің іс жүргізуіндегі судья жүргізуі мүмкін. Медиация жүргізетін судья медиация жүргізілетін күнді тағайындайды және тараптарға оның өткізілетін уақыты мен орны туралы хабарлайды. Егер басқа адамдардың қатысуы дауды (жанжалды) реттеуге ықпал ететін болса, сот оларды медиацияға шақыруға құқылы. Медиация жүргізу хаттамасы сотта жүргізілмейді.

Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотында татуластыру рәсімі үнемі жүргізіліп, нәтижесінде тараптар медиативтік келісімге келіп отырады.

Сот тәжірибесінен мысал келтіретін болсақ, татуластыру рәсімінің нәтижесінде мұрағат қызметкерлерінің жалақысына 25% мөлшерінде үстемақы қайтарылды.

Олай дейтініміз, 2017 жылдың қаңтар айынан бастап Ақтөбе облысы әкімдігінің 12.12.2016 жылғы №9513 қаулысына өзгерістер енгізгеніне байланысты 25% мөлшерінде лауазымдық айлықақысына үстемақы төлеуді тоқтатқанына сілтеме жасай отырып, ауылдық жерде жұмыс істейтін мұрағат қызметкерлері мемлекеттік органдардың іс-әрекеттеріне дау айту туралы әкімшілік талаппен сотқа жүгінді.

Мемлекеттік органдар өз кезегінде, азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт, ветеринария және орман шаруашылығы саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі жергілікті атқарушы орган-

ның қаулысымен айқындалғанын, ал, мұрағат қызметкерлері мәдениет қызметкерлері болып табылмайтынын басшылыққа алып, оларға үстемақы төлеуден бас тартқан. Тізбеге осы қызметкерлерді енгізу



А.ШЕКЕНОВА,
Ақтөбе облысының
мамандандырылған
ауданаралық әкімшілік
сотының бас маманы

үшін ҚР Еңбек кодексінің 139-бабының 9-тармағына өзгерістер енгізу қажет екенін көрсеткен.

Сот тарапынан татуластыру рәсімі жүргізілді, нәтижесінде тараптар медиативтік келісімге келді, оның шарттары бойынша мемлекеттік орган есеп айырысудың бюджеттік өтінімін қалыптастыру және соңғы үш жылда ауылдық жерде тұратын облыс мұрағаты қызметкерлерінің жалақысына 25% үстемақы төлеу бойынша облыстық бюджеттен қаражат бөлу жөнінде міндеттемелер алды. Осылайша, талап қоюшылардың құқықтары қалпына келтірілді.

Демек, заңда көзделген татуластыру рәсімдері оң нәтижесін беруде.

ІНДЕТ

ОРТАҚ КЕСЕЛДІҢ ЗАРДАБЫ ОРАСАН

Өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті мәселенің бірі. Сыбайлас жемқорлық заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кесел. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр. Сондықтан Қазақстанның мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі осы зұлымдықпен күресу.



«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық парақорлық дертмен жиі бетпе-бет келеді. Сыбайлас жемқорлықпен күресті жеке қарау мүмкін емес. Сондықтан кез келген ортада пара беру мен паралаудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет.

Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтарға бой алдыруы-

ның себебі көп. Оған ең алдымен қызметшілердің білім деңгейінің, әдептілік ұстанымының төмен болуы әсер ететін болса керек. Кей мемлекеттік қызметшілердің құқық бұзушылыққа немқұрайлылық танытуы, кәсіби әдептілігінің жетіспеуі де, жеке басының қамын ойлауы да парақорлықтың дендеуіне септігін тигізуде. Сондай-ақ, кейбір мемлекеттік орган басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң талаптарын атқаруда ынта танытпай, жұмыс жүргізбеуі де жемқорлықтың тамырын тереңдете түседі.

Әрине,сыбайлас жемқорлық дәрі емдейтін сырқат емес. Айналасындағы саламатты, таза және сау ортаны шарпып, тыныс-тіршілігін тарылтатын заңсыз әрекеттермен қоғамдық ортаның және мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, дара кәсіпкерлердің, азаматтардың қызмет етуіне қатер төндіретін қауіпті дертті болдырмаудың тетігі халықтың өзінде.Бұл дерттің алдын алып, қоғамға таралу жол-

дарын кесіп, оның ұлғаюына жол бермеу керек. Ол үшін аталған дертпен күресте көп болып атсалысып, қарсы тұруымыз қажет. Сонда ғана ел мүддесі үшін зор үлес қосатынымыз және халық сенімінен шығатынымыз анық.

Н.МАЖИТОВА,
Батыс Қазақстан облысы
қылмыстық істер жөніндегі
мамандандырылған
ауданаралық соты
кеңсесінің бас маманы – сот
мәжілісінің хатшысы

НАРЫҚ

ТАБИҒИ ГАЗДЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТАРИХИ РЕКОРДЫ ТІРКЕЛДІ

«QazaqGaz» ұлттық компаниясы» АҚ басқарма төрағасы Санжар Жаркешовтың айтуынша, 2021/22 жылғы жылыту маусымында табиғи газды максималды тұтыну көлемі сағатына 3,5 млн текше метр болған еді. 2022/23 жылғы жылыту маусымында бұл көрсеткіш 4,1 млн текше метрден асып жығылды. Тәуліктік эквивалентте 2023 жылы газқастандықтар шамамен 100 млн текше метр газ тұтынса, 2022 жылы бұл көрсеткіш 82 млн текше метрді құрады. Өткен жылыту маусымында газды шектен тыс қолдануға суық ауа-райы да өз әсерін тигізді. Мәселен, 2023 жылдың алғашқы екі аптасында ҚазТрансГаз аймақтың апаттық-диспетчерлік қызметіне газ тұтынушыларынан 6 686 өтінім келіп түсті. Халықты газбен үздіксіз қамтамасыз ету үшін 76 бригаданың қызметкерлері тынбай еңбек етіп, қосымша 52 бригада жұмылдырылды. Оның сөзіне қарағанда, жіберілген қателіктер бойынша жұмыс жасалып, келесі маусымда кем-кетіктерді түзету бойынша шаралар қабылданады.

– Қазірдің өзінде 2023–2024 күзгі-қысқы жылыту маусымына жарты жыл бұрын, халықтың сұранысын жауып, газбен қамтамасыз ететін жұмыс штабын құрдық. Басымыздан өткен штаттан тыс оқиғаларды ескеріп, халықты газбен үздіксіз қамтамасыз ету бойынша іс-шаралар жоспарын жүзеге асырамыз», – дейді QazaqGaz басшысы әлеуметтік желідегі өз парақшасында.

Е.КЕБЕКБАЙ
«Заң газеті»

ТУРИЗМ

**Incentive Travel
Excellence
қоғамы (SITE)
өзінің 2024
жылғы жаһандық
конференциясын
26-29 ақпаны
аралығында
Стамбұлда
өткізеді.**



СТАМБҰЛДА SITE ЖАҒАНДЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ ӨТЕДІ

Түркияда ынталандырушы туризмді дамыту бойынша қарқынды жұмыс жүргізетін SITE Türkiye ұйымдастырған конференция әлемнің түкпір-түкпірінен келген қатысушыларға Түркияны тану мүмкіндігін ұсынады.

Жаһандық конференция қоғамның 50 жылдық мерейтойының маңызды оқиғасы.

Ол әлемнің түкпір-түкпірінен туризм секторына тиесілі жүздеген мүдделі тараптардың басын қосады. 90 елде 2500-ден астам мүшесі бар және жарты ғасырлық тарихы бар SITE жетекші туризм қауымдастығы саналады. Салалық тәжірибесінің сандық нәтижелерін жаһандық бизнес әлемімен бөлісетін SITE-нің ду-

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

ЕМИТТ Шығыс-жерортатеңіздік халықаралық туризм және саяхат жәрмеңкесі – әлемдегі ең ірі туристік көрмелердің бірі. Жыл сайын аталған шарада 400 мыңнан астам сала өкілдері мен туристер бас қосады.

Туризм мен саяхат саласының Жер шарындағы ең ірі курорттары мен туристік компаниялары жаңа мүмкіндіктер ұсынатын ЕМИТТ Түркия Туризм және мәдениет министрілігі, TOBB, Стамбұл қаласының әкімдігінің



қолдауымен, ICA Group, TUROFED и TTYD серіктестігінде соңғы 25 жылдан бері ұйымдастырылып келеді.

ТАРАТУ

2. «Алтын бесік-2» ЖШС (БСН 031240007289) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Әуезов ауданы, 9 ықшамаудан, 28 үй, 43 пәтер. Тел.: 87013416122.

4. «SNOS.KZ» ЖШС (БСН 210640016912) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Астана қаласы, Есіл ауданы, Шұбар тұрғын үй алабы, Митченко көшесі, 21 үй.

6. «Балапан детский сад» ЖШС, БСН 180140014503, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, 100300, Қарағанды облысы, Балқаш қаласы, 9 ықшамауданы, 83 үй. Тел.: 87079836970.

8. «Дифераль KZ» ЖШС (БИН 041240012337) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: 021719, Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Бұрабай (Щучинский) ауданы, Қатаркөл ауылы, Карл Маркс көшесі, 66 үй, 2 кеңсе.

10. «Khassan Trading» ЖШС, БСН 181140014497, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, 2 ықшамаудан, 48 үй, 3 пәтер, тел.: 87073570001.

11. «Vanguard Logistics» ЖШС, БИН 190840006262, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Қазыбаев көшесі, 126. Тел.: 87019424943.

МҰРАГЕРЛІК

16. 2023 жылы 21 наурызда қайтыс болған азамат Құлмахан Рамазан Азымханұлының атына мұралық іс ашылды. Барлық мұрагерлер мұраны қабылдау үшін нотариус А.А. Бердигалиеваға хабарласуларын сұраймыз.
Мекенжайы: Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 40, в.п-47, тел.: 87014896969.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-43-43,

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru
zanreklama.kz

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73 www.gazetysaiity.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш.қиылысы, 208 кеңсе.

ЖК «Best Agency», мекенжайы: Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш.қиылысы, 209 кеңсе. Тел/Whatsapp 8 707 280 09 12.

«KAIIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybaeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юрическое агентство» ЖШС, Павлодар қаласы. Крупская көшесі, 61, кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ., К.Мұхаметханов көшесі, 23 «А», 104-бөлме. Тел.: 8 (705) 798-58-18, 8(708)4672701

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747)8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

ЖК «Сагидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8, «Лина» шаштарасы. ardawka_94@mail.ru, Тел: 87058762218.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н. Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777) 402-28-28; 8 (700) 332-24-78


ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: 8(7152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

Баспасөз – 2023



Құрметті оқырман!

«Заң газеті» және «Юридическая газета», «Заң», «Фемид» басылымдарына жазылу жалғасып жатқанын естеріңізге салғымыз келеді.

Төл басылымдарыңыздан қол үзіп қалмаңыздар!

Біздің басылымдарға «Қазпошта» АҚ бөлімшелері, «Қазпресс» ЖШС дүңгіршектері және Алматы қаласындағы «Дауыс» жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

Жазылу индекстері:

✓ «Заң газеті»

жеке тұлғалар үшін – 65921,

ҚАЛАЛАРҒА:
6 АЙЛЫҚ БАҒАСЫ – 4284,66 ТЕҢҒЕ, 1 ЖЫЛДЫҚ БАҒАСЫ – 8569,32 ТЕҢҒЕ
ОБЛЫСТАРҒА:
6 АЙЛЫҚ БАҒАСЫ – 4506,06 ТЕҢҒЕ, 1 ЖЫЛДЫҚ БАҒАСЫ – 9012,12 ТЕҢҒЕ

заңды тұлғалар үшін – 15921

ҚАЛАЛАРҒА:
6 АЙЛЫҚ БАҒАСЫ – 5184,66 ТЕҢҒЕ , 1 ЖЫЛДЫҚ БАҒАСЫ – 10369,32 ТЕҢҒЕ
ОБЛЫСТАРҒА:
6 АЙЛЫҚ БАҒАСЫ – 5406,06 ТЕҢҒЕ, 1 ЖЫЛДЫҚ БАҒАСЫ – 10812,12 ТЕҢҒЕ

✉ zanreklama@mail.ru

Қазақстан Республикасы Судьялар одағының Орталық кеңесі және жергілікті соттардағы филиалдары Ұлытау облыстық сотының төрағасы Адранов Қайрат Төлепбергенұлына жұбайы

Жанар Несіпбайқызының

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының басшылығы, судьялары мен Сот әкімшілігінің басшылығы Ұлытау облыстық сотының төрағасы Қайрат Төлепбергенұлы Адрановқа жұбайы

Жанар Несіпбайқызы Кентбаеваның

қайтыс болуына байланысты ауыр қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

(Соңы, басы өткен сандарда)

Барлығы лауазымды адам ойлаған-дай болды, банктен ақша алып шыққан кассирді бұлар көпірге бұрылар көше қиылысынан күтіп алды. Өз машинасын Жәмиттің гаражына кіргізіп, соның жол талғамайтын көлігіне мінген лауазымды адам машина қозғала бере: «Алла, істің сәтін сала гөр та!» – деп күбірлеп алды...

Жәмиттің көлігінің жанында тұрған облыс басшыларының бірін көрген кассир құлдырындап жүгіріп келіп, сәлем берді. Көлік ішіндегі бес-он минуттық әңгімеден соң олар Жәмиттің жол көрсетуімен дария бойындағы таса тұсқа барып, суға тойып дария бойында жатқан кент тұрғындары сиырларының арғы жағына тоқтады, кездесу құрметіне ішу басталды. Шоферға да ішкізді, дауысы күркіреген лауазымды адам олар мас бола бастағанда Жәмитке «Кіріс!» – деп бұйрық берді. Ол әлгі екеуін «Уазға» мінгізіп, тағы да ішкізсе бастады. Көп ұзамай екеуі де ұйқыға кетті, Жәмит бұл кезде олардың аузына арақ құя бастаған болатын. Әбден жеткілікті болды деген шамада күркіреген дауыс естілді: «Дос-таточно!». Жәмит қаптағы ақшаларды өз көлігіне апарып салды. Лауазымды адам риза: өйткені бәрі өзі жоспарлағандай болуда. Енді тек машина мен ана екеуін құрту қалды. Екеуі жанынаны итеріп көргенмен орнынан қозғалта алмады, дөңгелектер дария бойының ылғал құмына батыңқырап кеткен екен, шамалары келмеді.

– Әй, немене мұнда надежный жігіт-тер жоқ па?

– Бар ғой... Жаңа үйдің жанында жүрген Сағадат деген...

– Давай... Онда соны ертіп әкел...

Зуылдап тұрған машинаға сөз боп па, ол Сағадатты лезде-ақ жеткізді. Үшеу-леп машинаны итере бастады, Сағадат жанын салып мықшындауда, орнынан қаттырақ қозғалып кеткен машинаның рөлін бұл кезде Жәмит дарияға бұрып үлгірген болатын. Сағадат шошып кетті.

– Ойбай...Құрыдық, аналар суға кетті...

– Енді қайттік? Бұл Жәмиттің дауысы. Сағадатқа дым білмейтін болып көрінген сиқы.

– Дымыңды шығарма! Кеттік. Біз ештеңе көрген жоқпыз. Сен бұл жерде болған жоқсың. Сотталып кеткің келмесе, тіліңе ие бол!

Барлығы да күркіреген дауыс иесінің айтқанына көнді.

– Сені биіктің ар жағындағы шеткі үй жанынан күтеміз. Ана сиырларды арлы-берлі айда, мына жерде із қалмасын.

Қанды қақпан осылайша «шарт» етіп, қауып түскен болатын.

15. Сағадат бүккен терср

Тар камераның торлы терезесі жағынан жарқ-жүрқ еткен найзағай жарқылы көрінеді, Сағадат жалғыз. Жаңа бір әзірде көзіліңдірмек болып еді, ойына Жәмит түсіп, ашудан шеке тамыры білеуленді, маужыратып келе жатқан ұйқы да зым-зия жоғалды.

Иә, сол күні Ордабек Жаңақорғанға келген болатын. Мал жаятын тұста қаңғыбас иттер көбейіп кеткен еді, бұл болса атпен қуып жүріп, бұғалық тастап, жетеуін жер жастандырып. Мал болса өз бетінше жайылып жатыр, қол бас, енді не істейді, иттердің барлығын әдемілеп сойды, терілерді қоржынында жүретін тұзбен пұшапағына дейін қалдырмай тұздап тағады. Ойы – жұмыстан толастау кезде илеп, құлақшын тіккізбек. Ішінен «Үй ішімізбен ит терісінен бас киім киетін болдық қой» – деп өзін әжуалап та алады. Алыстау болса да ерінбей жаңа канал бойына апарып жеті иттің ішек-қарнын тазалап, үнемі қаңжығада жүретін қаптарға салып алды. Сол күні ауылдан туыс інісін шақыртып, малға

ҚАРА АҒАШ ТҮБІНДЕГІ ОҚИҒА

(Хикая-детектив)

ертеңге дейін қарай тұруын сұрады.

Ол иттердің еті мен ішек-қарнын қап-қа салып, кенттен бір-ақ шықты. Әскерде екі жыл бірге болған Юра үйінде екен, қуана қарсы алды.

– Әй... кәріс амансың ба?

– А...Фронт... кел, кел...

Юраның ұлты кәріс демесең, қазақша ағып тұр, әйелі неміс қызы Вера қазақша әндерді тамылжыта шыққайды, екеуінің де бабалары сонау өткен ғасырларда тағдыр айдап осы жаққа келіп қалған екен. Ордабек келген шаруасын айтты, олар құптады. Юрада тұрақты жұмыс жоқ. Бір ісі аудандағы бірден-бір ит майын «өндіруші». Иә, өкпесі ауыратындар, салқын тигендер Юраның құтыларға құйып сатар ит майын қолға тигізбейді. Ал, мектепте еңбек пәнінен сабақ беретін Вераның ит терісінен тіккен кеудеше, сумкаларын Ресейден де келіп алып кететіндер бар. Иттің терілерін екеуіне өткізіп Ордабек мәз, арзан ет пен тері алғандарына үй иелері мәз болып үшеуі столға отырды. Қас қарая масандау күйде ысқыра әндетіп, дария жақ шеттегі бажасының үйіне беттеген Ордабек кілт тоқтады. Кенттің шеткі үйлері ауласы мен дарияны жағалай салынған бөгеме биік аралығында машина жүре алатындай жол болғанымен, ылғи темір-терсек, қураған сүйек жататындықтан ол бөгеме биіктің үстімен келе жатқан болатын. Ойы – бірдеңеге шалынысып қалмай, осы әдемі күйінде қонар орнына жетіп алу. Бірақ, дария жаққа көзі түскен еді, жүрегі бір жамандықты сезгендей шаншып кетті. «Апыр-ау, мыналар кім? Әй! Мына біреуі Сағадат қой. Әне біреу Жәмит пройдоха, ана дәу кім болды екен сонда? Ана... Ойбай... ана машина суға кетті-ау... мыналар жынды ма машинаны суға ағызып? Қой, бәлесінен аулақ, тасалау жерден байқайын бұларды».

Манағы мастықтан із де қалмаған, мына оқиға ойын сан-саққа жүгірткен Ордабек шеттегі үй сыртында бұзылып, моторының орны үңірейіп тұрған «Беларусс» тракторының кабинасына қалай тез мініп алғанын да байқамай қалды. «Мына МТЗ-80-нің нағыз набутнук екен» болды оған алғаш келген ой. Әскерде арнайы жасақта болып, барлаушы дағдыларын игергендігі кәдеге асты, ол өзін байқатпау үшін кабинада жатқан май-май көне күпәйкені үстіне жамылып алып, барлық оқиғаны қарап отырды. Ордабек аналар көлікке мініп кеткесін, трактордан түсіп, бажасының үйіне келді. Өзіне риза, себебі, енді ол мол ақша көзіне кезіккеніне сенімді еді.

Ертеңіне түстен кейін інісіне базарлығын беріп, малға шыққан Ордабек өзіне дән риза еді, аз-маз ақша, кампит-печенье сияқтылар әкеліп әйелінің, балаларының көңілін бір көтеріп тастады, үй ішін ертеңгілікке көптен болмаған жылы шуақ жайлады. Сиырлар жаңа шыққан көктен бас алар емес, мұның қоржынға тығып алып шыққан бір бөтелке арақты ашуға оңтайлана бастағаны сол еді, мотоциклге мініп, мал қарап жүрген көрші ауылдағы Сексеннің сап ете қалғаны. Қашан да сөзін «фиф... фиф» – деп ауызан жиналған слекәйін ішке тарта тамсанып алудан бастайтын одан естіген өсек мынау болды: «Мына «Өскен» колхозының кассирі мен «Уаз»



жүргізушісі удай мас болып дарияға түсіп кетіпті. Ертеңгісін күтуге мал қосуға шыққан шалдар дария жағасында сиырлардың өкіріп-бақырып жүргенін көріп, тегін емесін сезеді. Сөйтіп, Андрей маскүнемді көндіріп, қайғыымен сүзіп шықса, ескек жағалаудан оңшақты метр жерде бірдеңеге тиеді дейді. Сонымен не керек, аудандың ЧС бар, басқасы бар, әлгі жерді тексерсе, суға батқан машина екен, шығарып алыпты. «Марқұмдар арақ сасып жатыр» – дейді көргендер, мүрделерді эксперизаға алып кетіпті».

Осыдан-ақ Ордабектің санасында сұмдық көрініс ашылған болатын, араққа да зауқы соқпай қалды, ойға берілді. «О, құдай тас төбечнен ұрғырлар! Кешегі дарияға ағызып жүргендері осылар болмасын. Құдай-ау, осылар болмасым не, дарияға күнде машина кетіп жатыр дейсің бе, тошно солар болды. А-а... Түсінікті...түсінікті. Ендігі жұмысым Сағадат пен Жәмит сендермен болатын. Маған да бір құдайдың көзі түскен екен, қашанғы қинасын. Ой, Алла-ау, берейін десен форточкадан да бере саласың-ау». Ордабек ертеңгі күнді асыға күтті. Бірақ колхозда ертеңгіге мал санағы жүріп, ойдағы шаруасына бір апта кештеу кірісерін де, тәңірімнің мұның мына жарық дүниеде тағы да бір апта күн кешуіне мүмкіндік беріп тұрғанын да сол сәтте ол білмеген еді.

Бұл кезде аудан орталығында шұғыл мәжіліс өткізген лауазымды адам өзінің арам пиялынан туған қылмыстың артын жабуға кіріскен-ді.

– Жігіттер! Екі азамат бақилық болды, алдынан жарылқасын! Мұнда мынадай жағдай болып жатқанынан хабарымыз жоқ, кеше облыс басшылары болып кеңесіп, колхоз төрағасын біз басқа облысқа қызметке ауысуына байланысты міндетінен босатқанбыз. Міне, өзі отыр, еліне қайтқысы келді, біз келісім бердік. Бұлай боларын кім білген. Барлық құжат дұрыс екен. Сондықтан істі дабыра қылмау керек, мас деген де әңгіме айтылмасын, несчастный случай дейік. Сорлылардың бала-шағасы ең болмаса жәрдемақы алсын. Бұлай болмаса қазалы үйді онан сайын қайғыға саламыз ғой, тергеу жүреді, мас болғаны айтылады, үйі жәрдемақысыз қалады. Мұнымыз мұсылмандыққа жатпас, құдайдан үмітіміз бар, осыған келісейік, жабулы қазанды жабулы күйде қалдырайық. Қалай қарайсындар?

– Заңға томпақ болмаса болды. Сізді қолдаймыз.

– Ол өзімізге, біздің имандылығымызға байланысты.

ШЫТЫРМАН

ты, ойына мана бөлім бастығының бұған жөнсіз тиісіп, «Істі неге дұрыс жүргізбей жатырсың», – дегені түсті. Бұл да қарап қалмады: «Сізге тергеуді дұрыс жүргізбей жатыр», – деп арызданушы бар ма? Бар болса менің әрекетіме ведомствалық қадағалау жасайтын тергеу басқармасы мен прокурор бар. Бұған сіздің қатысыңыз қандай?» – деп тіктеле сөйледі. Мұныкі заң бойынша дұрыс, ол мұны күтпесе керек, үнсіз қалды.

Барлығы жоспар бойынша келе жатқан сияқты. 101-мен әңгімеден ол мұны қайта шақыртатынын ұққан, «Біз түк білмеген болайық. Ананың ісі сотқа өтетін болсын. Сенің орныңа басқа тергеуші барып қалатын шығар, тікелей бастығың солай істейтін болар, бізге анау сотталып осында, десяткаға келсе болды, қалғанын кездескенде айтармын. Жалпы «ход коньем» жасаймыз. Ясно?!» дегенінен осы іске қатысты тергеу басқа арнада қайта жалғасарын түсінген.

Көп күттірмеді, телефон безілдеп қоя берді. Тұтқадан Оңғарбаевтың дауысы қырыл-сырылын араластыра төпей жөнелді: «Былықтырып жатсың ба...басқа не бітіресің...бастықпен ұрысқаннан басқа қолыңнан не келеді сенің? Сезіктіні босатпақ дей ме... Әй... есің дұрыс па...

Омаровты жібердім, қазір барып қалады, шыққанына бір сағаттан асты. Істі соған өткіз, Сексеуіл станциясында двойной убойства болып жатыр, соған барасың. Түнімен жет Ақмешітке. Түсіндің бе... Смотри, э ... бұларды...».

Орынбек «101-дің болжамы дұрысқа шықты-ау», – деп ойлап істі өткізуге дайындауға кірісті. Омаров келісімен барлық жағдаймен таныстырып, беттері нөмірленген, тігілген істі өткізген ол бірінші қабатқа түсіп, уақытша ұстау абактысына бас сұқты. Сағадат ояныпты. Мән-жайды айтты. «Алты жылдан бері дұрыс ұйықтағаным болды, түк сезбей қатып қалыппын» – деді ол.

Орынбекті Нұрлан, Асқар, Қазыбек үшеуі күре жолдан көлікке мінгізіп жүі берді. Шығарып салушылардың жүзі жарқын, өз істерінің нәтижелі болғанына деген ризалық әр сөзден аңғарылады. Олар істің сотқа кететініне, қылмыстың жазасыз қалмайтынына сенімді еді.

Ертеңіне облыс орталығынан бес жүз шақырым қашықтықтағы Сексеуіл станциясына кеткен Орынбек қылмыс бетін ашып, он күннен соң оралды. Облыстық ішкі істер департаментінің коридорында кездесе кеткен Омаров: «Оу, Ориксон! Қалайсың? Кеше Жанталиядан келдім, Макс айтапқыш мен барамын дегенше істі бұзылмайтындай етіп, шегелеп тастаған екенсің, менікі тек сотқа өткізу болды. Кешке жұмыстан соң мұны жуып жіберуге болады. Мен қарыз болып қалғанды қаламаймын, еңбек – сенікі, атағы – менікі. Ну, как?» – деп екі алақанын ысқылап қойды. Бұл ыңғай таныта қоймады, ал ол ізінен қалар емес. «Әй, маладес Ориксон... Бұл бір біткен іс, успешный тергеу болды», – деп ол сөйлеп келе жатқанда Орынбек ішінен «Жоқ, тергеу әлі біткен жоқ... Негізгі шаруа енді басталады», – деп қарсылық білдірді. Иә, мұны дауыстап айтуға болмайтын. Тергеушіні он бес күннен соң құпия жүргізілер жаңа бір іс күтіп тұрған болатын.

Екі-үш күннен бері шуақ төгіп тұрған ауа райы тағы бұзыла бастады, көкті бұлт торлады, тұтаса төнген бұлт мезгіл тал тұс болса да төңіректі қараңғылық бояуымен әрледі. Үш-төрт күннен бері тып-тыныш болып қалған аспан лезде мыңдаған дию, жын-перілер ойнақ салғандай қалыпқа түсті, мұздай тамшылар себелей жөнелді. Аспанды қақырата, жерді тітірете найзағай ойнады. Кім білген, бәлкім, бұл жаратушымынң пенделер төйымсыздығы мен жауыздығына деген ашу-ызасы ма екен, әйтеуір, өзгешелеу сатыр-сұтыр, жарқ-жүрқ етті.

Алдажар ӘБІЛОВ

БАРЛАУШЫ ЖАЗБАЛАРЫ

Мәңгілік қала Рим өзінің сиқырлы сәулетімен

өзіне баурамай қоймайды. Қалада орналасқан тарихи ескерткіштер тура бір тірі адам іспетті адам сенгісіз кереметтігімен ерекшеленеді. 2013 жылдың жаз айында докторантура аясында Рим қаласында орналасқан Еуропа институтына бірнеше қазақстандық тағылымдамадан өтуге барғанбыз. Оқудан тыс уақытта қала аралап, мұражайлар мен көрмелерді қалдырмай тамашалаудан шаршамандық. Ұйымдастырушылар да аянып қалмай, мәдени шараларды іске асырып жатты.

Сол кезеңнің шуақты бір күні топтан шет қалып, Римде оқып жүрген жерлесіммен кафеде жолықтым. Бір кезде жанымыдағы көршілес столда отырған адамның менімен амандасқандай белгі бергенін байқадым. Ә дегенде, менің де оған көңіл аударғанымды түсінген әлгі шетелдік қасыма келіп, өзін Франческо деп таныстырып отыруға рұқсат сұрады. Алғашқыда ағылшын тілімен түсінісіп, таныстық. Әңгіме арасында итальян жігіті түрікше жақсы білетінін айтып, қазақ тіліне қаншалықты ұқсайды деп сұрақ қойды. Мен де ағылшын тіліне сәл шорқақтау екенімді мойындап, әңгіміміз түрікше жалғасты. Өзін Римнің қала әкімшілігінің қатардағы

қызметкері ретінде таныстырды. Синьор Франческо менің докторантура аясында тағылымдамадан өтіп жүргенімді білісімен, Қазақстан жайлы сұрақтар қоя бастады. Аңғарғаным, итальян жігіті біздің ел жайлы тек география саласынан ғана емес, сонымен қатар саясат, экономика және тарих мәселелерін де жіті біледі екен. Әңгімесінен біз туралы білетіні көп екеніне көзім жетті. Неге десеңіз, қатардағы әкімшілік қызметкер Түгіл, Еуропа елдерінің кейбір дипломаттары Қазақстанды басқа елдермен шатастырып жататынына талай куә болғанмын. Осы кезде ойыма барлаушылардың «мықты интеллектуал – барлаушы, ал барлаушы жақсы интеллектуал» деген сөзі сап ете қалды. Сондықтан болар қасымдағы шетелдіктің әңгіме жүйесіне қарап, жарыста жүлде алатын интеллектуал екенін сезіндім. Не де болса жай адам емес!

Қойшы, сонымен не керек, әңгіміміздің орта шеніне келгенде синьор Франческо кенеттен маған қарап: «Сіз Римді араладыңыз ғой, керемет тарихи ескерткіштерді көрдіңіз емес пе?», деді де, «и» деген жауабымды күтпестен: «Ал, енді мен сияқты сіз де өзіңіз мақтаныш тұтатындай еліңіздің тарихи сәулет-ескерткіштері жайлы не айтар едіңіз?» де-

БАРЛАУШЫ БАРЛАУШЫНЫ АЛЫСТАН ТАНИДЫ

ген тосын сұрақ қойды. Алғашқыда Қазақстанның белгілі тарихи сәулет өнерінің ескеткіштері туралы ақпарат бермек болдым. Әйтсе де, сәл кідіріп барып:

– Қазақтар, сіз айтқандай, номад ретінде ұлан-ғайыр Ұлы далада өмір кешіп, көк аспанға қарап құлабызын белгілейді. Оның аясында армандап, шабытталып небір сәулеттік үздік дүниелерді өзінің ішкі дүниесіне жинап орналастырады. Не табиғаттың, не тірі жанның қасақана бұза алмайтын сәулетті ескерткіштері біздің жүрегімізде мәңгілік сақталып, атадан балаға мұра болып қала береді. Ал сол ішкі дүние сәулетін көре білгенді нағыз ғалым ғұлама ретінде есептейміз, – деп аяқ астынан өзім де күтпеген жауабымнан еріксіз көкірегім керіліп кеткені бар емес пе! Онымен тұрмай ұлтымыздың жеті ата пәлсафасын біліп, қасиетті жер-суын көріп, тарихын түсінген, әсіресе, Франческо сияқты еуропалықты нағыз көзі ашық адам деп айтуға болатындығын әзілдеп айттым

(ішке түскен итальян шарабы қойсын ба). Ол ол ма, итальяндықтардың «спагетти» тағамы біздің «ыспа еті» сөзінен шыққанын бірі білсе, бірімілейтіндігін тағы қосып жібірдім. Дей келе, сөзімді белгілі ағамыз О.Сүлейменовтің, қазақ ұлысы «Тауларды кемсітпей, ұлы Даланы дәріптейді» деген белгілі сөзімен аяқтадым. «Белиссимо! Белиссимо», – деген әлгі синьор Франческо орнынан атып тұрып, Қазақстан мен Италия достығы үшін тост көтеріп, сол күні Андиано Челентаноның әнін айтып қоштасқан едік.

Бәрін айт та бірін айт, Франческо дегенім барлаушы ма, жоқ па, құдай біледі. Әйтеуір қылығы мен қойған сұрағынан ұқсаттым. Десе де, барлаушылардың балықшылардан айырмашылығы, «қармақтарына қандай балықтың түскенінде» емес, «қармақты» қай жерге қашан, қалай салу қажеттігін «шетел тілінде үндемей түсінүінде» дер едім.

Бахытжан ТАСТАНБЕКОВ

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор **Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ**

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**

Нөмірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
 ЖАУАПҚЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана Айша Құрманғали
8 707 851 91 13.
Алматы облысы Нұрбол Әлдібаев
8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы Жансая Есмағанбетова
8 705 398 62 83.
Атырау облысы Боранбай Ғалиев
8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы Жазира Әбіл
8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы Гүлбану Мақажан
8 701 697 39 86.
Түркістан облысы Сейітхан Құлмаханбетов
8 707 721 19 59.
 Шадыяр Мекенбайұлы
87757335665
Батыс Қазақстан облысы Нұрлыбек Рахманов
8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
 Х.Досмұхамедұлы көшесі
 68 «б»-үйі.
 Қабылдау бөлмесі:
 292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

E-mail: zanreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет –
 сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 5578 дана
Апталық таралым 11 156 дана

Тапсырыс №53 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын ZANMEDIA.KZ сайтынан оқи аласыздар.
Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.
Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.
Газетті есепке қою туралы №16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.
Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б»), «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31